

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ**

**«ҚҰҚЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ**

**УСЕНБАЕВА А.У.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ**  
(5B030100 – «Юриспруденция» мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал)

Ақтау, 2011

УДК 349.6 (075.8)

ББК 67. 407 я 73

У 73

Сын-пікір берушілер: з.ғ.д., профессор Ағдарбеков Т.А.

з.ғ.к., доцент Алибеков С.К.

з.ғ.к. Мусабаева Г.Н.

Усенбаева А.У.

У 73 «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы» пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011. - 123 бет.

ISBN 978-601-7276-60-7

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралда ҚР экологиялық құқығы пәнінің негізгі анықтамалары, түсініктері, соның ішінде экологиялық құқықтың түсінігі, қағидалары, қайнар көздері, табиғатты пайдалану құқығы, табиғи объектілер мен табиғи ресурстарға меншік құқығы, жерді пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі, жер қойнауы, су, орман, атмосфералық ауа, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық-құқықтық режимі қарастырылған.

Оқу-әдістемелік құралында ҚР экологиялық құқығы пәнінің дәріс және практика (тәжірибе) сабақтарына арналған тақырыптары мен жоспары, өзін-өзі тексеру сұрақтары, тақырып бойынша кестелер, студенттің білімін тексеру үшін тест сұрақтары және нормативтік құқықтық актілер мен пайдаланылатын әдебиеттер тізімі қамтылған.

Оқу-әдістемелік құралы заң мамандығының студенттеріне арналған.

УДК 349.6 (075.8)

ББК 67. 407 я 73

Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша басылып шығарылды.

ISBN 978-601-7276-60-7

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ университеті, 2011

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
Терминдер.....	6
1-тарау. Жалпы бөлім.....	9
1-тақырып. Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні.....	9
2-тақырып. Экологиялық құқықтың тарихы және қайнар көздері.....	16
3-тақырып. Табиғат объектілеріне меншік құқығы.....	21
4-тақырып. Табиғатты пайдалану құқығы.....	26
5-тақырып. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары.....	30
6-тақырып. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері.....	38
7-тақырып. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік.....	43
2-тарау. Ерекше бөлім.....	47
8-тақырып. Жердің құқықтық режимі.....	47
9-тақырып. Жер қойнауының құқықтық режимі.....	55
10-тақырып. Судың құқықтық режимі.....	58
11-тақырып. Ормандардың құқықтық режимі.....	61
12-тақырып. Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.....	66
13-тақырып. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау.....	69
14-тақырып. Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі.....	76
3-тарау. Арнайы бөлім.....	84
15-тақырып. Халықаралық экологиялық құқықтың ұғымы, нысаны және қағидалары.....	84
4-тарау. Семинар сабақтарының тақырыптары.....	90
5-тарау. Студенттің өзіндік жұмыстарының тақырыптары.....	92
6-тарау. Студенттің білімін тексеру үшін тест сұрақтары.....	94
Қолдануға ұсынылған әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілер.....	116

## КІРІСПЕ

XX ғасырдың ортасында дүние жүзіндегі экологиялық жағдайдың ауырлауына байланысты, экология шектелген биология ғылымдарының зерттеу шеңберінен шығып, қазіргі кездегі ең маңызды ғылымдардың біріне айналды.

Жалпы экологиядан оның негізгі бөлімі - әлеуметтік экология бөлініп шығады, оның негізгі зерттеу аясы қоғамның, оны қоршаған табиғи орта мен қатынасының шарттары мен заңдылықтарын анықтау. Әлеуметтік экологияға құрамдас бөлігі болып құқықтық экология кіреді. Қазіргі кезде құқықтық нормалармен орталанған қоғам мен қоршаған ортаның өзара қарым-қатынастарды зерттеуі басталады.

Қазақстанның экологиялық құқығы құқық саласы ретінде 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін, ғылымда "Кең мағынадағы жер құқығының" құрамында пайда болды. Бастапқы кезде бұл сала табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттеп отырды. Кейінгі табиғат қорғау нормалардың дәрежелеп дамуына бірнеше дербес құқық салаларының қалыптасуына әкеп соқты, олар - жер, су, орман, таукен құқығы.

Бұл бөлінген салалардың заңды тұрғыдан бекітілуі 60-ы жылдардың соңымен 70-ы жылдардың басында Заң негіздерін, ал кейін Жер, Су, Орман, Жер қойнауы кодекстерін қабылдаумен болды.

Параллельді ресурстық құқық салаларының дербестену процессімен қатар, олардың интеграциялану процессі жүрді, ол қоршаған ортаға кешенді және әр ресурсқа бөлек көңіл аудару керектігінен туындады.

Заң жоғарғы оқу орындарында интеграцияланған "Табиғатты құқықтық қорғау", "Табиғи ресурстарды құқықтық қорғау" және кейін "Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы" оқу пәндерін оқыта бастады.

Заң әдебиеттерінде экологиялық мәселені бірегей екі өзара байланысты аспектілер - табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау ретінде қарастырады. Осы екі өзара байланысты қоғамның табиғатқа әсер ету нысандары оқу курсының негізгі мазмұнын құрайды.

Сонымен қатар, қазіргі экологиялық жағдайда табиғатқа араласудың нәтижесіндегі жағымсыз салдарының зардап шешушісі ретінде адам, оның денсаулығы мен жағдайы болды.

Сондықтан да республика азаматтарының өмірі мен денсаулығына қолайлы табиғи ортаны қорғау экологиялық қауіпсіздіктің негізі болды, және ұлттық қауіпсіздіктің стратегиялық және фундаменталды компоненті болып саналады, халықаралық және интеграциялық процесстері кезіндегі елдің мүдделері мен басшылықтарын қорғауда негізгі аспект болып табылады. Осы міндеттердің заңды аспектілерін шешу экологиялық құқыққа берілген және осы заңдылықтың интегралды актісі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" заңы болып табылады.

Экологиялық құқық әр түрлі құқық салаларының бір-бірімен өзара байланысты құқық нормаларының кешенінен тұрады, себебі экологиялық мәселелер адамның әр түрлі қызмет ету салаларын қамтиды. Экологиялық қауіпсіздіктің негізгі мәселесі болып әр түрлі құқық салаларын экологизациялау болып табылады. Сондай-ақ құқық нормаларымен реттелген экологиялық

талаптардың орындалуы қоршаған табиғи ортаны тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Экологиялық нормаларды білу барлық лауазымды тұлғаларға, кәсіпкерлерге және азаматтарға міндетті. Бұл олардың экологиялық талаптарды орындауға, сондай-ақ олардың экологиялық құқықтарын қорғауға негіз болады.

Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы қоғам мен қоршаған ортаның өзара қарым-қатынасымен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа қалыптасқан құқық саласы.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, сонымен бірге, адамзаттық қазіргі және болашақ ұрпақтарының өмірі мен қызметі үшін қолайлы қоршаған ортамен қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Табиғат пен қоғамның өзара қарым-қатынасы саласындағы қоғамдық қатынастар құқық салаларының кешенімен реттеледі. Олардың арасында негізгі маңыздығы бар экологиялық құқық салалары: жер, таукен, су, орман және өзге де табиғи объектілер мен табиғи ресурстарды қорғау мен ұтымды пайдалануды талап ететін салалар.

Сонымен қатар, осы құқық салаларының нормалары шаруашылық қатынастар арқылы экономиканың дамуына экологиялық әсер етеді, ал бұл қатынастар барлық мемлекеттік құқықтық реттеудің бағыттарымен қамтылады, яғни осыдан шыға келе едәуір мемлекеттік органдардың және басқа да құрылымдардың қызметінің пәніне кіреді. Сондықтан табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастарын реттеумен конституциялық, мемлекеттік, әкімшілік, қаржылық, азаматтық, аграрлық, қылмыстық және басқа да құқық салаларының нормалары тығыз байланысты.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды құқықтық реттеудің мұндай ерекшелігін осы оқу курсының жүйесі ескереді. Ол жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады.

Курстың жалпы бөлімінде барлық оқу пәндері үшін жалпы институттар қарастырылады. Ерекше бөлім жекелеген табиғи объектілерді, табиғи және аумақтық кешендерді пайдаланудың, өсімін молайтудың және қорғаудың, сонымен қатар қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғаудың режимін реттеуге арналған.

Экологиялық құқықты оқыту мақсаты экологиялық заңдарды және оларды іс жүзінде қолдануды және адамзаттық мүддесі үшін қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалану саясатын жүргізуге қабілеті құқық қорғау органның, өкілді атқарушы органның және өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес органның болашақ жұмыскерлері болатын құқықтанушыларды дайындау.

## **Оқу-әдістемелік құралда кездесетін жаңа терминдер мен ұғымдарға түсінік беру**

**Инертті қалдықтар** - елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адамның денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар;

**Коммуналдық қалдықтар** - елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы және жиналу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары;

**Қауіпті қалдықтар** - құрамында қауіпті қасиеттері (уыттылығы, жарылыс қаупі, радиоактивтілігі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттар болатын, дербес немесе басқа заттармен байланысқа түскен кезде қоршаған ортаға және адам денсаулығына тікелей немесе ықтимал қауіп төндіретін қалдықтар;

**Қауіпті емес қалдықтар** - қауіпті және инертті қалдықтарға жатпайтын қалдықтар;

**Қолайлы қоршаған орта** - жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, биоәртүрлілікті сақтауды, ластануды болғызбауды, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта;

**Қоршаған орта** - атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ осылардың өзара әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы;

**Қоршаған ортаға келтірілетін залал** - табиғи ресурстардың жұтандауы мен сарқылуын немесе тірі организмдердің қырылуын туындатып немесе туындататындай етіп қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден артық алу;

**Қоршаған ортаға эмиссиялар** - ластағыш заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, зиянды физикалық әсер ету;

**Қоршаған ортаға эмиссияларға арналған квота** - нақты табиғат пайдаланушыға белгілі бір мерзімге бөлінген қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттің бір бөлігі;

**Қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттер** - белгілі бір мерзімге арнап белгіленетін қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтік көлемі;

**Қоршаған орта сапасының нормативтері** - қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер;

**Қоршаған ортаны ластау** - қоршаған ортаға ластағыш заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға ықпалы;

**Қоршаған ортаның сапасы** - қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы;

**Тіршілік ету ортасы** - қандай да бір организмнің немесе популяцияның табиғи мекендейтін жерінің типі немесе орны;

**Мемлекеттік экологиялық бақылау** - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының, қоршаған орта сапасы нормативтерінің және экологиялық талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі қызметі;

**Радиоактивті қалдықтар** – мөлшері мен шоғырлануы Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген радиоактивті заттар үшін регламенттелген мәндерден асатын радиоактивті заттары бар қалдықтар;

**сарқынды сулар** - адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде немесе ластанған аумақта пайда болатын, табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті жер рельефіне ағызылатын сулар;

**Су объектілері** - құрлық бетінің рельефінде және жер қойнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар;

**Сұйық қалдықтар** - сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез келген қалдықтар;

**Табиғат пайдаланушы** - табиғи ресурстарды пайдалануды және қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

**Табиғи объектілер** - шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер;

**Табиғи ресурстар** - тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі;

**Табиғи ресурстарды қорғау** - табиғи ресурстардың әрбір түрін олардың тұтыну қасиеттерін жоғалтуға әкеп соғатын тиімсіз пайдаланудан, құрып кетуден, жұтаңдаудан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

**Табиғи ресурстардың сарқылуы** - табиғи ресурстар қорларының сандық сипаттамаларының ішінара немесе толық жоғалуы;

**экологиялық ағарту ісі** - қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында экологиялық білім, қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйі, экологиялық қауіпсіздік туралы ақпарат тарату;

**Экологиялық аудит** - аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін экологиялық тәуекелдерді анықтау мен бағалау және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу бағытында тәуелсіз тексеру;

**Экологиялық білім беру** - жеке адамның қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін, құндылық бағдарларды, имандылық-эстетикалық қатынастарды қалыптастыруға бағытталған, жеке адамды тәрбиелеудің, оқытудың, оның өз білімін көтеруінің және дамуының үздіксіз процесі;

**Экологиялық жүйе (экожүйе)** - бірыңғай функционалдық тұтастық ретінде өзара әрекетте болатын организмдердің және солар мекендейтін жансыз ортаның өзара байланысты жиынтығы;

**Экологиялық қауіп** - антропогендік және табиғи әсерлер ықпалынан, соның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар

салдарынан қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын, жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жай-күй;

**Экологиялық қауіпсіздік** - жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

**Экологиялық қауіпті объект** - салынуы және қызметі адамдар денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізуі мүмкін немесе зиянды әсерін тигізетін шаруашылық объектісі және өзге де объект;

**Экологиялық менеджмент** - қоршаған ортаны қорғауды әкімшілік басқару, ол кәсіпорынның экологиялық саясатын әзірлеуге, енгізуге, орындауға, талдауға және қолдауға арналған ұйымдастыру құрылымын, жоспарлауды, жауапкершілікті, әдістерді, рәсімдерді, процестер мен ресурстарды қамтиды;

**Экологиялық мониторинг** - қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсер етуді жүйелі түрде байқау мен бағалау;

**Экологиялық нормалау** - ережелердің (нормалардың) және олардағы қоршаған орта жай-күйінің және оған әсер ету дәрежесінің сандық және сапалық көрсеткіштердің (нормативтердің) жүйесі;

**Экологиялық рұқсат** - жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын құжат;

**Экологиялық сараптама** – көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкестігін белгілеу, сондай-ақ осы қызметтің қоршаған ортаға тигізуі мүмкін қолайсыз әсерлерінің және солармен байланысты әлеуметтік зардаптардың алдын алу мақсатында сараптама объектісін іске қосуға жол берілуін айқындау;

**Экологиялық таза өнім белгісі** - таңбаланған өнімнің экологиялық таза өнім стандарттарына сәйкестігін растайтын тіркелген белгі;

**Экологиялық таңбалау** - Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігі растаудан өткен өнімге экологиялық таза өнім белгісін беру;

**Экологиялық тәуекел** - белгілі бір факторлардың ықпалы салдарынан қоршаған орта және табиғи объектілер жай-күйінің қолайсыз өзгерістерге ұшырау ықтималдығы;

**Эмиссиялар нормативтері** - қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуы қамтамасыз етілетін жол берілетін эмиссиялар көрсеткіштері.



## **1-Тарау. Жалпы бөлім**

### **1-тақырып. Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні**

Экологиялық қатынастар — бұл объектісі табиғат пен оның құрамындағы элементтер болып табылатын қатынастар. Осының негізінде біз экологиялық қатынастарға бүкіл табиғи кешенге, сондай-ақ оның жекелеген бөлімдеріне бағытталған барлық қатынастарды жатқызамыз. Сондықтан жер, су, тау, орман, фауналық, атмосфералық ауа қатынастары біршама дербестікке ие болады және жер, су, тау, орман, фауналық, атмосфералық ауа құқығының мәні болып табылады, өзінің жалпы белгілері бойынша табиғат ресурстары қатынастарына жатады, олар экологиялық қатынастары құрамына кіреді. Сондай-ақ экологиялық қатынастарға объектісі табиғат кешені, табиғи орта болып табылатын қатынастарды жатқызу керек, мұның өзі қорықтардың, экологиялық апат аймақтарының құқықтық режимін реттеу мысалынан ерекше айқын көрінеді.

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының негізгі принциптері: Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көзқарас; қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару; қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шараларының міндеттілігі; Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтан бұлтартпау; қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі; қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болу және оған рұқсат алу тәртібі; табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жариялылығы; табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және оны жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру; экологиялық ақпараттың қолжетімділігі; табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі; жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.

**Экологиялық құқық жүйесі** былайша құрылады: ол жекелеген нормалар, құқықтық институттар, кіші салалар арасында тығыз байланысты сақтайды. Экологиялық құқық жалпы және ерекше бөлім болып бөлінеді. Жалпы бөлімнің зерттейтін және реттейтін нысанасы қоғамдық қатынастар болып табылады, олардың объектісі ретінде бүкіл табиғаттың сапалық жай-күйі, мемлекеттің бүкіл табиғатқа меншік құқығы қатысады. Жалпы бөлімде табиғатты қорғау мен пайдаланудың мемлекеттік-құқықтық тетігі әзірленіп, талданады, содан соң оның жекелеген ережелері табиғаттың жекелеген объектілеріне қатысты ерекше бөлімде нақтыланады.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы экологиялық құқықтың негізгі көзі болып табылады, өйткені ол табиғатты қорғау мен табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің жалпы құқықтық негіздерін баянды етеді. Бұдан кейінгі барлық заңдар мен заңға тәуелді актілер Конституцияның баптарын орындау үшін, Конституцияда айтылған принциптер негізінде қабылданады. Экологиялық құқыққа қатысты Конституция нормаларының арасында мына нормаларды бөліп көрсетуге болады: ұйымдық-басқару; экономикалық; әлеуметтік нормалар.

Ұйымдық-басқару нормаларына қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану саласында оның органдары, лауазымды адамдары арқылы мемлекеттің қызметі мен құзыретін баянды ететін Конституцияның нормаларын жатқызған жөн. Конституция нормаларының бұл тобына Республика Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, биліктің жергілікті органдарының өкілеттіктерін реттейтін нормаларды жатқызу керек.

Конституцияның жекелеген нормалары қоршаған табиғи ортаны құқықтық реттеу қажеттігін тікелей көрсетеді. Мысалы, 31-бапта былай делінген: "Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды".

44-бап Президенттің республиканың мемлекеттік бағдарламаларын бекітуі құқығын баянды етеді (мұның мемлекеттік экологиялық бағдарламаға да қатысы бар). 61-баптың 9-тармағында Парламенттің "аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар шығаруға, айналадағы ортаны қорғауға қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға құқығы баянды етілген".

Экономикалық нормаларға табиғат ресурстарына меншік нысанын белгілейтін Конституцияның 6-бабын жатқызған жөн. "Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін" (6-бап, 3-бөлім). Конституцияда сондай-ақ меншік құқығын қорғайтын норма да бар, соның ішінде мұрагерлік құқығын қорғайды (26-бап, 2-бөлім). Яғни, бұл ереже жер учаскесін мұрагерлікке алу құқығына қолданылады. Конституцияның бұл нормалары негізгі табиғат ресурстары заңдары мен кодекстерінде өзінің құқықтық дамуына жол ашты.

Конституцияның әлеуметтік нормаларына 38-бапты жатқызу керек, онда былай деп белгіленген: "Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті". Азаматтардың қоғамдық экологиялық ұйымдарға қатысуына өздерінің құқықтарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында экологиялық проблемаларды қою және шешу, өздерінің экологиялық құқықтарын сотта қорғау және т.б. мүмкіндіктерімен жүзеге асыруға қатысты жекелеген ережелер Конституцияның "Адам және азамат" деген II бөлімінде белгіленген. Конституцияның мақсаттары мен міндеттеріне, негізгі принциптеріне сәйкес экологиялық заңдар мен кодекстер, сондай-ақ заңға тәуелді актілер қабылданды және қабылданып жатыр.

Жалпы бөлім: экологиялық құқық ұғымы, экологиялық құқық көздері, меншік құқығы және табиғат пен оның ресурстарына өзге де мүліктік құқықтар, экология саласында басқарудың мемлекеттік-құқықтық тетігі, экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік.

Экологиялық құқықтың ерекше бөлімі табиғаттың жекелеген объектілері бойынша дербес салалардың жиынтығы болып табылады. Сондай-ақ ерекше бөлімге біз "ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды", "экологиялық апат аймақтарын" және "өндірістік және өзгеде шаруашылық қызметіне экологиялық талаптарды" жатқызамыз.

Ерекше бөлім: жер құқығы, су құқығы, тау құқығы, орман құқығы, фауналық құқық, атмосфералық ауа құқығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, экологиялық апат аймақтары, экологиялық шаруашылық қызметі. Сондай-ақ арнаулы бөлімді бөліп көрсеткен жөн, табиғатты халықаралық қорғау мәселелері қарастырылады.

Арнайы бөлім: халықаралық экологиялық құқық, Қазақстан Республикасының халықаралық экологиялық ынтымақтастығы.

Қазақстан Республикасы орнықты дамуының экологиялық негіздері болып адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа мемлекеттің қол жеткізуі; қоршаған ортаны қорғау және биоәртүрлілікті сақтау; Қазақстан Республикасының өз табиғи ресурстарын өндіруге құқықтарын қамтамасыз ету мен іске асыру және табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету мәселелерінде ұлттық мүдделерді қорғау танылады.

Сонымен қатар, қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұранысын әділ қанағаттандыру; өндіріс пен тұтынудың орнықты үлгілерін дамыту; қоршаған ортаның жай-күйін есепке ала отырып, экологиялық нормалаудың әлеуметтік және экономикалық даму талаптарына сай келуі; әрбір адамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын сақтау және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мен орнықты даму мәселелерін шешуге жан-жақты қатысуы; қоршаған ортаны қорғау саласында қабылданатын шаралардың жариялылығын қамтамасыз ету; жердің экожүйесінің салауатты жай-күйі мен тұтастығын сақтау, қорғау мен қалпына келтіру мақсатындағы жаһандық әріптестік; қоршаған ортаға залал келтіргені үшін жауаптылыққа қатысты халықаралық құқықтың дамуына жәрдемдесу; қоршаған ортаға елеулі залал келтіретін немесе адам денсаулығы үшін зиянды деп есептелетін қызмет пен заттардың кез келген түрлерін басқа мемлекеттерге көшіру мен ауыстыруды тежеу, болдырмау, сондай-ақ қоршаған ортаға елеулі немесе орны толмайтын залал қатері төнген жағдайларда сақтандыру шараларын қолдану болып табылады.

**Табиғат – адам өмірінің негізі**

---

Табиғат адамға қатысты, оның мұқтаждықтарын қанағаттардыруға байланысты төмендегідей қызметтер атқарады:

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ

ЭСТЕТИКАЛЫҚ


РЕКРЕЦИОНДЫҚ

ҒЫЛЫМИ

МӘДЕНИ

**Қоғамның табиғатқа қатысты қатынастарының тұжырымдамалары  
(концепциялары)**

---



## Экологиялық құқықтың пәні

---

Қазақстандық ғалым С. Д. Бекишованың пайымдауынша, экологиялық құқық объектісін реттеу ретінде келесі қатынастар шығуы мүмкін:

жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің экологиялық құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша

қоршаған табиғи ортаны қорғау бойынша (табиғатты қорғау қатынастары)

табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша (табиғи-ресурстаттық қатынастар)



## 2-тақырып. Экологиялық құқықтың тарихы және қайнар көздері

Экологиялық құқықтың кешенді көздері ретінде құқықтық реттеу объектісі бүкіл табиғат кешені болып табылатын нормативтік актілер, біртұтас құрылым ретінде табиғи орта танылады. Экологиялық құқықтың ресурстық көздері деп құқықтық реттеу объектісі табиғаттың жеке объектісі, жеке табиғат ресурсы болып табылатын нормативтік актілер танылады. Бұл арада мыналарды атауға болады: Жер кодексі, Су кодексі, Орман кодексі және т.б. Соңғы уақытта, заңнама жүйесінде адамның денсаулығына немесе адам тіршілік етуінің жағдайларына орай табиғи ортаның жай-күйіне ықпал ететін, реттеу объектісі табиғат жағдайлары болып табылатын нормативтік актілердің жеке тобын бөліп көрсетуге болады. Мысал ретінде "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы", "Арал өңірінде экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы", "Семей облысындағы ядролық полигон туралы" заңдарды көрсетуге болады. Осы топтағы актілердің (әлеуметтік-экологиялық) кешенді актілерден өзгешелігі адам факторының қатысуында, адамның тіршілік етуі үшін ортаны құру бағытында, яғни әлеуметтік фактордың қатысуында болып табылады.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының даму тарихы бірнеше кезеңнен өтеді. Біздің білетіміздей, жер қатынастары Қазақстанда бұдан көп бұрын, оның Ресей империясының құрамына енуі кезеңінде-ақ дамыған болатын. 1917 жылдан кейін Қазақстан аумағында Ресей Федерациясының, Түркістан Автономиялық социалистік республикасының жер-құқық нормалары қолданылды.

Қазақстанның экологиялық заңнамасы дамуының бірінші кезеңі 1922-1957 жылдарының аралығында (1922-1957 ж.ж.) басталды. Осы кезеңде Қазақ КСР аумағында табиғат ресурстары қатынастарын реттейтін жекелеген нормативтік актілер қабылданды. Бұл актілердің күші жер құқығы шегінде жүзеге асырылды, бірақ бұл кезеңнің айрықша ерекшелігі жер заңнамасының жүйелілігінің және оны қисындауының болмауы дер едік. Осы уақытта іс жүзінде тіпті қоршаған ортаны қорғау мәселелері реттелмеді, күн тәртібіне қойылмады. Су, орман, тау-кен заңнамалары заңның дербес салалары ретінде бөліп көрсетілмеді. Екінші кезең 1958-1981 жылы аралығында (1958-1981 ж.ж.) басталды. Бұл кезең экологиялық заңнаманың мейлінше серпінді дамуымен, заңның ресурстық салаларын жүйелеу және оларды қисындау процестерімен сипатталады. Қазақ КСР-да осы кезеңде: 1971 жылы — Жер Кодексі, 1972 жылы — Су Кодексі, 1976 жылы — Жер қойнауы туралы Кодекс, 1978 жылы — Орман Кодексі, 1981 жылы "Жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану туралы", "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Заңдары қабылданды. Экология саласында заңнаманың алты дербес саласының болғаны танылды: олар — жер, су, тау-кен, орман, фауналық, атмосфералық-ауа заң салалары. Алайда осы қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар бір-бірінен бөлек қарастырылды, құқықтық реттеудің кешенді әдісі болмады. Бұл 1962 жылы қабылданған "Табиғатты қорғау туралы" Заңнан ерекше көрінді. Ол 20 баптан тұрды, олардың мазмұны мейлінше ресми сипатқа ие болды, мемлекеттік басқару тетігі, жауапкершілік тетігі, табиғи ресурстарды пайдалануға ақы



төленетіндігі көзделмеген. Табиғат ресурстары кодекстерінің құқықтық мазмұны шаруашылық жүргізудің социалистік әдістеріне негізделді, мұның өзі басқарудың әкімшілік әдістерінің экономикалық әдістерден артықшылығын білдіретін еді. Үшінші кезең кезінде (1982-1995 ж.ж.) бұрынғы Кеңестер Одағының күйреуі мен Қазақстан Республикасының егемендік және тәуелсіздік алу процесі болды. Жаңа мемлекет нарықтық қатынастарға көше бастады, жаңа экономикалық институттар қалыптасты, "ақылы қызмет", "табиғат ресурстарын пайдаланудың шарттық талаптары" ұғымы енгізілді. Қазақстанда банк қызметін, жекешелендіру процесін, бағалы қағаздар нарығын, кредит-қаржы қызметін реттейтін заңнаманың бүтіндей жаңа салалары жедел әзірленіп, қабылданды. Табиғат ресурстарына мүліктік құқықтарды реттеу саласында өзгерістер болды, бұл жер құқығы қатынастары саласынан ерекше айқын аңғарылуда. Сонымен бірге, нормативтік экологиялық актілерде жаңа нарықтық элементтермен қатар "кеңестік" кезеңінен Қазақстанның заң тәжірибесіне енген дәстүрлі әкімшілік әдістері де қолданылды.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы экологиялық құқықтың негізгі көзі болып табылады, өйткені ол табиғатты қорғау мен табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің жалпы құқықтық негіздерін баянды етеді. Бұдан кейінгі барлық заңдар мен заңға тәуелді актілер Конституцияның баптарын орындау үшін, Конституцияда айтылған принциптер негізінде қабылданады. Экологиялық құқыққа қатысты Конституция нормаларының арасында мына нормаларды бөліп көрсетуге болады: ұйымдық-басқару; экономикалық; әлеуметтік нормалар. Ұйымдық-басқару нормаларына қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану саласында оның органдары, лауазымды адамдары арқылы мемлекеттің қызметі мен құзыретін баянды ететін Конституцияның нормаларын жатқызған жөн. Конституция нормаларының бұл тобына Республика Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, биліктің жергілікті органдарының өкілеттіктерін реттейтін нормаларды жатқызу керек. Конституцияның жекелеген нормалары қоршаған табиғи ортаны құқықтық реттеу қажеттігін тікелей көрсетеді. Мысалы, 31-бапта былай делінген: "Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды". Экономикалық нормаларға табиғат ресурстарына меншік нысанын белгілейтін Конституцияның 6-бабын жатқызған жөн. "Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін" (6-бап, 3-бөлім). Конституцияда сондай-ақ меншік құқығын қорғайтын норма да бар, соның ішінде мұрагерлік құқығын қорғайды (26-бап, 2-бөлім). Яғни, бұл ереже жер учаскесін мұрагерлікке алу құқығына қолданылады. Конституцияның бұл нормалары негізгі табиғат ресурстары заңдары мен кодекстерінде өзінің құқықтық дамуына жол ашты. Конституцияның әлеуметтік нормаларына 38-бапты жатқызу керек, онда былай деп белгіленген: "Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті". Азаматтардың қоғамдық экологиялық ұйымдарға қатысуына өздерінің құқықтарын, жергілікті өзін-өзі

басқару органдарында экологиялық проблемаларды қою және шешу, өздерінің экологиялық құқықтарын сотта қорғау және т.б. мүмкіндіктерімен жүзеге асыруға қатысты жекелеген ережелер Конституцияның "Адам және азамат" деген II бөлімінде белгіленген. Конституцияның мақсаттары мен міндеттеріне, негізгі принциптеріне сәйкес экологиялық заңдар мен кодекстер, сондай-ақ заңға тәуелді актілер қабылданды және қабылданып жатыр.

1996 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Жарлыққа қол қойды. Жарлықта жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын қорғау жөніндегі қатынастарды реттеудің жалпы шарттары мазмұндалады. Онда сондай-ақ тау-кен заңының мақсаттары мен міндеттеріне жалпы сипаттама беріледі (I тарау), жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті анықталады (II тарау), жер қойнауын пайдалану құқығының туындау жағдайлары, түрлері, субъектілері, негіздері баянды етіледі (III тарау). Жарлық барлау және өндіру жұмыстарына лицензиялар мен келісім-шарттарына қорытындылар беруді реттейді, жер қойнауын, қоршаған ортаны қорғау және халықтың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды көздейді, оған жер қойнауы қорын мемлекеттік басқару қызметтерінің кешені жатады. Қазақстан Республикасының Парламенті 2003 жылғы 8 шілдеде Орман Кодексіні қабылдады. Оның құрылымына 9 бөлім, 20 тарау, 118 бап жатады. Орман кодексінің осы редакциясының мазмұны қазіргі практика талаптары мен Қазақстанның осы заманғы экономикалық шынайылықтарына сай келеді. I бөлімде "Жалпы ережелерде" орман заңының жалпы сипаттамасы беріледі, оның міндеттері белгіленеді, орман қорына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері аталады, орман құқық қатынастарының объектілері мен субъектілеріне сипаттама беріледі. Орман Кодексінің II бөлімінде орман қорын басқару, қорғау, сақтау жөніндегі бақылау, ормандарды қайта өсіру мен ұлғайта өсіру саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті ашылады. Орманды иелену мен пайдалану мәселелері, олардың түрлері, мерзімдері, шарттары мен тәртібі III бөлімде реттеледі. Онда ағаш кесу билеті мен ордерінің ұғымы беріліп, мазмұны ашылады, орман пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерінің көлемі анықталады, орман пайдаланудың әрбір түрі бойынша сипаттама берілген. IV және V бөлімдер ормандарды қалпына келтіру проблемаларына және оларды қорғау шаралары жүйесіне арналған. Орман Кодексімен сондай-ақ орман пайдалануға ақы төленетіндігі, орман шаруашылығын қаржыландыру, мемлекеттік орман кадастрын: сонымен бірге орман мониторингін жүргізу, орманды орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру, орман дауларын шешу және орман заңын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану жөніндегі қатынастар реттеледі. Бұл кодекс IX бөліммен аяқталады, онда ұлттық заңға да қатысты халықаралық шарттардың басымдығы баянды етілген.


Экологиялық құқықтың елеулі көздерінің бірі 2003 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының Су Кодексі. Ол 11 бөлімнен, 32 тараудан, 146 баптан тұрады. Сонымен бірге, бұл заң актісі су қатынастарын реттеуде елеулі рөл атқарады. Су Кодексі өзін реттеуінің мәнін анықтайды, су заңының мақсаттары мен міндеттерін ашып көрсетеді, Қазақстан Республикасының бірінші су қорының

сипаттамасын береді (1-бөлім). Онда су қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік билік және басқару органдарының құзыреті, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың суды қорғау мен пайдалануға бақылауды жүзеге асыруға қатысуы, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау мен сараптама, мемлекеттік су кадастры, су объектілерінің мемлекеттік мониторингі анықталады (3-бөлім). Су Кодексінің негізгі мақсаты суды пайдалану жөніндегі қатынастарды реттеу болып табылады (IV, V, VI бөлімдер). Оларда су пайдаланудың тәртібі мен шарттары, түрлері мен мерзімдері, су тоғандарын пайдалануға беру жөніндегі органдардың өкілеттіктері, су пайдаланушыларының құқықтары мен міндеттері, су пайдалануға ақы төлейтіндігі, су пайдалану құқығын тоқтату негіздері көзделген. VII бөлімде келеңсіз ықпалдың әр алуан түрлерінен: ластану мен бітеліп қалудан, сарқылудан суды қорғау жөніндегі шаралар, жерасты сулары мен шағын өзендерді қорғау көзделген.

Негізгі экологиялық заңдардың мазмұнына сәйкес және оларды орындау үшін атқарушы биліктің органдары экологиялық қатынастарды реттеуге бағытталған заңға тәуелді актілер қабылдады. Бұл актілер де табиғаттың жекелеген объектілері бойынша топтастырылады немесе барлық қоршаған ортаға қатысы болады. Заңға тәуелді актілер жүйесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары ерекше орын алады. Осы орган қабылдайтын нормативтік актілер атқарушы билік органдарының барлық жүйесі үшін, министрліктер, комитеттер, ведомстволар, барлық деңгейдегі әкімдіктер үшін міндетті болып табылады. Бұл актілермен табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша субъектілер тәртібінің жалпы шарттары, ережелері белгіленеді. Министрліктер мен ведомстволар да заңға тәуелді актілерді бұйрықтар, нұсқамалықтар шығарады олар белгілі бір министрліктің шектерінде қолданылады және көрсетілетін министрлікпен қатынаста болады. Мысал ретінде Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қоршаған ортаны ластаумен келтірілген залалды есептеу тәртібі жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарды атауға болады.

Биліктің жергілікті атқарушы органдары, облыстар, қалалар, селолық елді мекендер әкімдері атынан шешімдер қабылдайды, олар да заңға тәуелді экологиялық актілер болып табылады. Мысалы, әкімдердің шешімдерімен табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер ставкалары белгіленеді, табиғатты қорғау қорының қаражаттарын жұмсау тәртібі, қалалар мен аудауларды жасыл желекке бөлеу мен экологиялық абаттау мәселелері анықталады.

Сөйтіп, экологиялық заңның құрамына экологиялық заңдар мен кодекстер, экологиялық заңға тәуелді актілері, сондай-ақ экологиялық қатынастарды реттейтін жекелеген құқықтық нормалар мазмұндалатын заңнаманың өзге де салаларының заңдары мен заңға тәуелді актілері жатады.



### **3-тақырып. Табиғат объектілеріне меншік құқығы**

Жер, жер қойнауы, жер үсті және жер асты сулары; атмосфералық ауа; ормандар мен өзге де өсімдіктер; жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры; табиғи экологиялық жүйелер, климат және Жердің озон қабаты жойылудан, тозудан, зақымданудан, ластанудан және өзге де зиянды әсерден қорғалуға тиіс. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері айрықша қорғалуға тиіс.

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры - табиғат эталондары, уникалдар және реликттер, генетикалық резерв, ғылыми зерттеулер, ағарту, білім беру, туризм мен рекреация нысанасы ретінде экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған қоршаған орта объектілерінің жиынтығы. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді. Мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру жолымен, сондай-ақ қоршаған ортаның экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды объектілерін пайдалануға тыйым салу мен шектеулер белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ - ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер, су объектілерінің және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері, құру тәртібі, қорғау режимінің түрі, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінің қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

Адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы және қоршаған ортаға әсер етуі табиғат пайдалану болып табылады. Табиғат пайдалану жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол беріледі. Арнайы табиғат пайдалану - осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметі. Табиғат пайдалану түрлеріне: жерді пайдалану; суды пайдалану; орманды пайдалану; жер қойнауын пайдалану; жануарлар дүниесін пайдалану; өсімдіктер дүниесін пайдалану; қоршаған ортаға эмиссиялар; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін өзге де табиғат пайдалану түрлері жатады. Табиғат пайдалану түрлері бойынша арнайы табиғат пайдалану құқығының туындау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады. Арнайы табиғат пайдалану табиғат пайдаланудың бір түрін не олардың бірнеше түрінің жиынтығын қамтуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын жеке және заңды тұлғалар табиғат пайдаланушылар болуы мүмкін. Табиғат пайдаланушылар:

1) тұрақты (табиғат пайдалану құқығы мерзімі шектелмейтін сипатта болады) және уақытша (табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген);

2) бастапқы (табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен не басқа да бастапқы табиғат пайдаланушылардан сол құқықтан айыру немесе әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен алынған) және кейінгі (табиғатты уақытша пайдалану құқығы бұл мәртебені өзінде сақтап қалатын бастапқы табиғат пайдаланушыдан шарт негізінде алынған) болуы мүмкін.

Табиғат пайдаланушылар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.


Арнайы табиғат пайдалану құқығы: 1) табиғи ресурстарды пайдалану мен алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және рұқсаттар; 2) табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері; 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарттар (келісімшарттар) негізінде туындайды.

Қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың арнайы табиғат пайдалану құқығын жүзеге асыруына экологиялық рұқсаттар болған кезде жол беріледі. Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес беріледі. Арнайы табиғат пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға билік ете алмайды. Арнайы табиғат пайдалану құқығы мемлекет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.


Табиғат объектілеріне меншік құқығы немесе тағы да оларды табиғат ресурстары деп атайтынындай, тек экологиялық құқықтың мәнін құрап қана қоймайды, сонымен бірге конституциялық, азаматтық, аграрлық, тау-кен, су, орман және жер құқығы сияқты құқықтың бірқатар басқа да салаларын құрайды. Табиғат объектілеріне меншік құқығын немесе табиғат ресурстарын 2 мәнісінде қарастыру керек. Біріншіден, табиғат объектілеріне меншік құқығы ұғымынан нормативтік құқықтық актілерде баянды етілген, экологиялық құқық қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын түсінеміз. Басқаша айтқанда бұл объективтік мағынадағы меншік құқығы. Екіншіден, табиғат объектілеріне меншік құқығы деп табиғат ресурстарын иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі субъектілердің заңдылық жиынтығы түсініледі. Басқаша айтқанда бұл субъективтік мағынадағы меншік құқығы ретінде түсініледі.

Табиғат ресурстарының негізгі объектілері және табиғаттың осындай объектілеріне меншік құқығы негіздерінің өзі ҚР Конституциясында баянды

етілген. Айталық, ҚР Конституциясының 6-бабына сәйкес жер және оның қойнауы, су көздрі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңмен белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. Сонымен бірге, ҚР Азаматтық Кодексінің 193-бабында былай делінген: жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заң актілерінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы да мүмкін. Табиғи ресурстарды иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарынан басқа меншік иесіне табиғат объектілерін ұтымды пайдалануды, оларды қорғау мен қайта жаңғыртуды қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны жоғарыда аталған үш заңдылық болып табылады: иелену құқығы, пайдалану құқығы, билік ету құқығы. Иелену құқығы табиғат объектілеріне нақты иеленуді жүзеге асырудың заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады. Табиғат объектілеріне ие бола отырып, мемлекет мұндай табиғат объектілеріне қол жеткізуді шектеуі не жалпы тыйым салуы мүмкін. Мысалы, ҚР "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" заңына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда азаматтардың болуы оларды қорғау режимдерінің ерекшеліктеріне сәйкес шектеледі және осындай аумақ туралы жеке-дара ережелермен реттеледі. Қолайсыз сыртқы әсерлерден қорғау үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың төңірегіне осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің жай-күйіне және қалпына келтіруге теріс ықпал ететін осы аймақтар шегінде кез келген қызметке тыйым салына отырып қорғау аймақтары белгіленуі мүмкін. Пайдалану құқығы табиғат объектілерінен қоғамның қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдалы қасиеттерін алудың заңдылық тұрғысында қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады. Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы нормативтік құқықтық актілерде баянды етілген белгілі бір ережелердің ауқымында жүзеге асырылады, ол ережелерді сақтауды арнайы құрылған уәкілетті мемлекеттік органдар қадағалайды. Табиғат объектілерін экологиялық пайдаланғаны үшін салық және өзге де төлемдер мемлекеттік бюджетке алынады. Билік ету құқығы табиғат объектілерінің заңдық мәртебесі мен заңдық тағдырын анықтаудың заңдық тұрғыдағы қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады. Табиғат объектілерінің заңдық мәртебесін нысаналы мақсатына қарай мемлекет анықтайды және өзінің санаттары болады. Табиғат объектілерін санаттандыру іс жүзінде барлық табиғат ресурстарына қатысты орын алады және табиғат объектілеріне билік етудің бірінші кезеңі болып табылады.







#### 4-тақырып. Табиғатты пайдалану құқығы

Табиғат объектілеріне меншік құқығы немесе тағы да оларды табиғат ресурстары деп атайтынындай, тек экологиялық құқықтың мәнін құрап қана қоймайды, сонымен бірге конституциялық, азаматтық, аграрлық, тау-кен, су, орман және жер құқығы сияқты құқықтың бірқатар басқа да салаларын құрайды.

Табиғат объектілеріне меншік құқығын немесе табиғат ресурстарын 2 мәнісінде қарастыру керек.

Біріншіден, табиғат объектілеріне меншік құқығы ұғымынан нормативтік құқықтық актілерде баянды етілген, экологиялық құқық қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын түсінеміз. Басқаша айтқанда бұл объективтік мағынадағы меншік құқығы.

Екіншіден, табиғат объектілеріне меншік құқығы деп табиғат ресурстарын иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі субъектілердің заңдылық жиынтығы түсініледі. Басқаша айтқанда бұл субъективтік мағынадағы меншік құқығы ретінде түсініледі.

Табиғат ресурстарының негізгі объектілері және табиғаттың осындай объектілеріне меншік құқығы негіздерінің өзі ҚР Конституциясында баянды етілген.

**Табиғат пайдалану деп** адамның өзінің әралуан өмірлік қажеттерін (экономикалық, экологиялық, рухани, мәдени-сауықтыру, имандылық-эстетикалық қажеттерін) қанағаттандырумен итермелейтін адамның табиғатпен өзара әрекеті ұғынылады. Мысалы, ҚР "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына сәйкес табиғат пайдалану — адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалану. Табиғат пайдалану ұғымын экологияны пайдалану ұғымынан айыра білу керек. Егер табиғат пайдалану адамның әралуан өмірлік қажеттерін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстардың тәртібі ретінде ұғынылатын болса, онда экологияны пайдалануда ең алдымен қоршаған ортаны және тұтастай алғанда экологиялық жүйені барынша сақтау мүддесі үстем болады.

**Табиғат пайдалану құқығының принциптері** деп табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі құқық қатынастарын реттеудің негізгі бастаулары мен негізгі қағидаттары ұғынылады. Табиғат пайдалану құқығының негізгі принциптеріне мыналар жатады: адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру. Бұл табиғат пайдалану кезінде бірінші кезекте адамның экологиялық мүдделері және әрбір адамның өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаға құқығы ескерілуге тиіс дегенді білдіреді, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен ұдайы молайту.

**Табиғат пайдалану құқығының субъектілері** ретінде мемлекет, жеке және заңды тұлғалар қатысады. Табиғат пайдаланушылар жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік табиғат пайдаланушылар болып бөлінеді. Ұлттық табиғат пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының азаматтары мен қазақстандық заңды тұлғалар, соның ішінде шетелдің қатысуымен, ал шетелдік табиғат пайдаланушыларға — шетел

азаматтары, шетелдік заңды тұлғалар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар жатады.

### **Табиғат пайдаланушылар:**

- Тұрақты (табиғат пайдалану құқығы мерзімі шектелмейтін сипатта болады) және уақытша (табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген);
- бастапқы табиғат пайдаланушылар (табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен не басқа да бастапқы табиғат пайдаланушылардан сол құқықтан айыру тәртібімен алынған) және қайталама табиғат пайдаланушылар (табиғатты уақытша пайдалану құқығы бұл мәртебені өзінде сақтап калатын бастапқы табиғат пайдаланушыдан шарт негізінде алынған) болуы мүмкін.

Табиғат пайдалану құқығының мазмұны табиғат пайдаланушының құқықтары мен міндеттері болады. Табиғат пайдаланушылардың: заңмен белгіленген шектерде қоғамдық қажеттерін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарды пайдалануға; өзінің шаруашылық және өзге де қызмет әдісін дербес таңдап алуға; жүзеге асырылуы экологиялық зиянды ықпалмен байланысты шешімдерді әзірлеу мен қабылдауға қатысуға; шартты мерзімінен бұрын бұзуымен байланысты, сондай-ақ мемлекет қажетіне алып қоюмен байланысты ысырап пен залалды өтеуге құқығы бар. Табиғат пайдаланушылардың құқықтары заңмен қорғалады. Занда көрсетілген негіздер бойынша болмаса, ешкімді де табиғат пайдалану құқығынан айыруға немесе шектеуге болмайды. Табиғат пайдаланушылардың құқықтарынан басқа жалпы міндеттері де болады. Мысалы, ҚР-ның "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 20-бабына сәйкес табиғат пайдаланушылар: табиғи ресурстарды нысаналы қызметіне және олардың берілу шарттарына сәйкес пайдалануға; шаруашылық және өзге қызметке белгіленген экологиялық нормативтерді және экологиялық талаптарды, қолданылып жүрген стандарттарды, техникалық шарттарды сақтауға; берілген табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға, қоршаған ортаға нұқсан келтірмеуге және басқа да табиғат пайдаланушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеуге; қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды молайтуды ұтымды пайдалануға бағытталған шараларлы жүзеге асыруға міндетті.

**Табиғат пайдалану құқығының объектілері** ретінде табиғи ресурстар - жер, су, орман, жер қойнауы және т.б. қатысады. Табиғат объектілеріне қарай табиғат пайдалану құқығы мынадай түрлерге бөлінеді: жер пайдалану құқығы; су пайдалану құқығы; орман пайдалану құқығы; жер қойнауын пайдалану құқығы; жануарлар дүниесін пайдалану құқығы; атмосфералық ауаны пайдалану немесе атмосфералық ауаны ластағыш заттардың шығарындылары үшін пайдалану құқығы.


**Жалпы табиғат пайдалану** халықтың өмірлік қажеттерін қанағаттандыру үшін тегін және азаматтар мен ұйымдарға табиғи ресурстар берілместен жүзеге асырылады. Табиғатты арнайы пайдаланған жағдайда табиғи ресурстар табиғат пайдаланушыларға заңмен қатаң белгіленген тәртіппен беріледі. Жалпы табиғат пайдалану әрбір адамның жайлы қоршаған ортаға табиғи құқығын жүзеге асырумен байланысты болады. Жалпы табиғат пайдалану жалпы ережелер

бойынша мемлекеттік органдар тарапынан арнайы рұқсатты талап етпейді, яғни жұрттың бәрі қол жеткізе алады. Алайда, заң жүзінде жалпы пайдалануға шектеу қойылуы мүмкін. Жер Кодексіне сәйкес жалпы пайдаланылатын жерлерге алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, парктер, гүлзарлар, қаладағы ормандар, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың қажеттерін қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылыту құбырлары, тазарту құрылыстары және жалпы жұрт пайдаланатын басқа да инженерлік жүйелер) орналасқан және соларды орналастыруға арналған ортақ пайдаланудағы жер жатады. Жеке тұлғалардың жалпы жұрттың кіруіне жабық емес жер учаскелеріне еркін, қандай да бір рұқсатсыз болуға құқығы бар. Егер біреудің жеке меншігіндегі немесе жер пайдалануындағы жер учаскесі қоршалмаған болса немесе егер жеке меншік иесі немесе жер пайдаланушы учаскеге өзінің рұқсатынсыз кіруге болмайтынын өзге де әдіспен белгілеп қоймаса, егер бұл жеке меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға зиян келтірмейтін болса, осы учаске арқылы кез келген адам өте алады.

#### **Табиғатты арнайы пайдалану құқығы:**

- тұрақты (мерзімсіз) немесе уақытша пайдалану ( белгілі бір мерзімін көрсете отырып);
- иеліктен айырып пайдалану (табиғат пайдалану құқығы басқа адамға берілуі мүмкін) немесе иеліктен айырмай пайдалану (табиғат пайдалану құқығы басқа адамға берілмеуі мүмкін);
- ақысын төлеп немесе өтеусіз алып пайдалану;
- бастапқы пайдалану (табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен не осы құқыққа иеліктен айыру тәртібінде басқа бастапқы табиғат пайдаланушыдан алған) немесе қайталама пайдалану уақытша табиғат пайдалану құқығы бастапқы табиғат пайдаланушыдан шарт негізінде алынған, өзінде осы мәртебені сақтап қалатын) болуы мүмкін.

Су Кодексінің 66-бабына сәйкес халықтың ауыз су және коммуналдық-тұрмыстық қажеттерін, ауыл шаруашылығының өнеркәсіптің, энергетиканың, балық шаруашылығының және көліктің суға деген қажеттерін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ өнеркәсіптік, коммуналдық - тұрмыстық, сорғыту және басқа да ағынды суларды жер үсті объектілеріне ағызу үшін құрылыстарды немесе техникалық құрылыстарды су объектісінен алып немесе алмай қолдана отырып су объектісінен жер үсті және жер асты су ресурстарын тікелей пайдалану арнайы су пайдалануға жатады. Жеке және заңды тұлғалардың **арнайы су пайдалану құқығы** лицензияда немесе рұқсатта белгіленген мақсаттар үшін ғана пайдаланылады және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тиіс. Арнайы су пайдалануды жеке және заңды тұлғалар лицензия негізінде жүзеге асырады. Арнайы су пайдалануға рұқсатты Ауыл шаруашылығы министрлігінің су ресурстары жөніндегі комитеті береді.



## **5-тақырып. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары**

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган; су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган; орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган; өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; көлікті бақылау органдары болып табылады.

Экология саласындағы **мемлекеттік басқару қызметінің** мына қызметтерін бөліп көрсетуге болады:

- Қоршаған табиғат ортасының нормаланған сапасы;
- Экологиялық мониторингті жүзеге асыру;
- Экологиялық және табиғат пайдалану кадастрларын жүргізу;
- Экологиялық сараптаманы жүргізу;
- Экологиялық бақылауды ұйымдастыру;
- Экологиялық төлемдер мен салықтарды алу;
- Экология саласында мемлекеттік органдардың бұзушылықтары үшін жазалау шараларын қолдану .

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметі** тұтастай алғанда қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыратын жалпы құзыретті орган болып табылды. Үкіметтің қызметі экология жөніндегі аса маңызды мәселелерді шешумен, жалпы шараларды белгілеумен және осы саладағы негізгі бағыттарды белгілеумен, мемлекеттік экологиялық бағдарламаларды әзірлеумен және жүзеге асырумен, экологиялық нормативтерді, табиғи ресурстарды пайдалану лимиттерін және табиғат пайдаланудың экономикалық тетігін анықтаумен байланысты болады. Үкімет табиғат ортасын қорғау, экологиялық тәрбие мен білім беруді ұйымдастыру жөніндегі министрліктер мен ведомстволардың қызметін үйлестіру мәселелері бойынша шешім қабылдайды. Қоғамдық экологиялық қатынастарды реттеуде Үкімет шығаратын нормативтік актілердің маңызы зор. Табиғат қорғау немесе жекелеген табиғат объектілері саласында басқару мен бақылау қызметін жүзеге асыратын бытыраңқы мемлекеттік органдар бірыңғай комитет ауқымына топтастырылды. Табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті арнайы құзыреттер жүйесін басқарады, олардың жалпы құзыреттер органдарынан өзгешелігі экологиялық заңды басқару мен қолдану мәселелерімен тікелей айналысты.

**Қоршаған ортаны қорғау министрлігі** мен оның құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы және табиғат қорғау заңын, экологиялық талаптардың нормативтерін сақтауға мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік басқару жүйесін және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылауды, өзінің құзыреті шектерінде қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістерін жетілдіру;

3) қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру және табиғат пайдалану жүйесін оңтайландыруға қатысу;

4) қолданыстағы заңнаманы жетілдіру;

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және оған қатысу;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпарат пен ағарту ісін тарату жүйесін дамыту.

Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қоршаған ортаны қорғау министрлігі өзінің өкілеттігі шектерінде мына **қызметтерді** жүзеге асырады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді және мемлекеттік экологиялық бағдарламаларды орындауды ұйымдастырады;

2) шаруашылық және өзге де қызметтерге экологиялық нормативтерді және экологиялық талаптарды өзінің құзыреті шегінде бекітеді немесе келіседі, қоршаған ортаны ластайтын шығарындылар мен тастандыларға, өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын орналастыруға лимиттер мен квоталарды белгілейді;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте шаруашылық қызметінің экологиялық жағынан қауіпті түрлеріне, қоршаған ортаға зиянды заттардың тастандылары мен шығарындыларына лицензиялар береді;

4) қоршаған орта қызметін және табиғат пайдалануды басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

5) қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингі жөніндегі жұмысты жүргізеді, сондай-ақ қоршаған ортаның мемлекеттік Мониторингінің және табиғат ресурстарының бірыңғай жүйесіне басшылықты жүзеге асырады, өндірістік үлгі ережежлерін бекітеді және өндірістік Мониторингінің бағдарламаларын келіседі;

6) республикалық бюджет бағдарламаларының әкімшісі болады, сондай-ақ олардың орындалуын ұйымдастырады.


Мемлекеттік экологиялық сарапшылар — бұл мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге қажетті арнаулы білімі және жеткілікті тәжірибесі бар адамдар. Мұндай адамдарды сарапшылық орган тартады. Бұл орайда тапсырысшысының құжаттамасын беретін немесе экологиялық сараптама объектісін әзірлеуші адамдар, сондай-ақ тапсырысшымен немесе әзірлеушімен еңбек немесе өзге де шарттық қатынаста тұрған адамдар мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшысы бола алмайды. Мемлекеттік экологиялық сарапшыға белгілі бір құқықтар мен міндеттер берілген, сондай-ақ олар орындаған сараптама үшін жауап береді. Атап айтқанда, мемлекеттік

экологиялық сарапшының сараптама үшін қажетті құжаттар мен материалдарды талап етуге, қосымша мамандар тартуға, жүргізілген сараптама жөнінде ерекше пікір қалыптастыруға және т.б. құқығы бар. Экологиялық сарапшының міндеттері қатарына сондай-ақ экологиялық сараптаманың кешенді, объективті, сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуді, сонымен бірге өзге де міндеттерін орындауы кезінде заң талаптарын сақтауын жатқызады. Экологиялық сарапшының қызметі үшін сондай-ақ белгілі бір кепілдіктер белгіленген, атап айтқанда экологиялық сарапшының қызметіне келтірілген нұқсанды өтеуге байланысты сот және әкімшілік тәртібінде қандай да бір араласуға тыйым салынады. Экологиялық сараптамаға жататын құжаттамаға тапсырысшылар 35,36-баптарда көзделген белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие болады, атап айтқанда: мынадай **құқықтарға**: сарапталатын объектілерге қатысты немесе сараптама объектілерінің жекелеген талдамалары мен негіздемелері бойынша жазбаша немесе ауызша түсіндірмелер, ескертпелер мен ұсыныстар беру; экологиялық сараптаманың алдын ала және түпкілікті қорытындыларымен танысу; қосымша, қайталап немесе бақылаушылық экологиялық сараптама жүргізудің орындылығы туралы мәлімдеу; егжей-тегжейлі зерттеулер мен есептеулерді талап етпейтін түзетулерді, өзгерістерді дер кезінде енгізу; Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары, шарт ережелері не өздерінің құқықтары бұзылған жағдайларда қоғамдық сараптама қызметін көрсету кезінде шартты бұзу; экологиялық сараптама жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының бұзылуынан келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа талап қою құқығына ие болады.


**Міндеттерге**: экологиялық сараптамаға қажетті материалдардың сапалы дайындалуы мен берілуін қамтамасыз етуге; экологиялық сараптама субъектілеріне сарапталатын объектілер жөнінде қажетті материалдар мен консультациялар, мәліметтер, есептеулер, қосымша талдамалар беруге; қоғамдық пікірді ескере отырып, сараптама объектісін одан әрі іске асыру жөнінде шешімдер қабылдауға; белгіленген тәртіппен сарапшылық жұмыстарына ақы төлеуге; сараптама қорытындысында баяндалған экологиялық сараптаманың нұсқауларын, ұсыныстарын орындауға, кемшіліктер мен жаңсақтықтарды дер кезінде жоюға; сараптама органдары белгілеген мерзімде жобаларды экологиялық сараптамадан қайта өткізуге табыс етуге міндетті. Мемлекеттік экологиялық бақылау: қоршаған ортаға эмиссияларды және табиғи ресурстарды есепке алу жөніндегі мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік материалдарын, сондай-ақ табиғатты пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметі туралы деректерін талдау; табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтауы мен орындауына тексерулер ұйымдастыру және жүргізу; Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін құқықтық құралдарды пайдалану жолымен жүзеге асырылады.




**Экологиялық бақылаудың түрлері, объектілері, нысандары мен әдістері**




**Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы реттеудегі мемлекеттік органдардың құзыреті мен жүйесі**






## Экологиялық бақылаудың құқықтық негіздері



13- сызба



## Инспекторлық экологиялық тексеру

**Инспекторлық экологиялық тексеру** – мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтауы туралы ақпаратты жинауы мен талдауы арқылы жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені. Оның келесі түрлері бар:

**жоспарлы, жоспардан тыс және қарсы тексерулер** – егер, тексерулер жүргізу кезінде үшінші тұлғаларға қатысты қосымша ақпараттар алу қажеттігі туындауы болса, осы тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру

**рейдтік** – ҚР-ның экологиялық заңнамасының жекелеген талаптарының сақтауы мәселелері бойынша бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектіні бір мезгілде тексеру

**Кешенді** – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізетін тексері

## **6-тақырып. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері**

Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің негізгі түрлеріне: қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен қаржыландыру; қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу; табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу; қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру; нарықтық тетіктер және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін квоталарды сату; экологиялық сақтандыру; қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау жатады.

Қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға: экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған; қоршаған ортаның сапалық сипаттамаларын арттыру арқылы қоршаған орта құрауыштарының жай-күйін жақсартатын; экологиялық жүйелердің жай-күйін тұрақтандыру мен жақсартуға, биологиялық әртүрлілікті сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға ықпал ететін; қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына залал келтірудің алдын алатын және оларды болғызбайтын; қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаны басқарудың халықаралық стандарттарын енгізуге бағытталған әдістер мен технологияларды жетілдіретін; өндірістік экологиялық бақылауды дамытатын; қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық жүйелерді қалыптастыратын және экологиялық ақпарат беруге ықпал ететін; экологиялық білімді насихаттауға, тұрақты даму үшін экологиялық білім мен ағарту ісіне ықпал ететін іс-шаралар жатқызылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру: бюджет қаражаты; табиғат пайдаланушылардың өз қаражаттары; Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады. Әртүрлі деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар мемлекеттік, салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларда белгіленетін бағыттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті өкілді органдардың шешімдеріне сәйкес айқындалады. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын экологиялық бағдарламаларды, жоспарларды әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен белгіленеді.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларына, жоспарларына, белгілі бір аумақтың экологиялық бағдарламаларына, жоспарларына енгізіледі. Өңірлік экологиялық бағдарламалар, жоспарлар және тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары, жоспарлары олар бекітілгенге дейін қоршаған ортаны

қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілуге жатады. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары инвестициялық экологиялық жобаларды (бағдарламаларды) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірлеп, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді. Экологиялық бағдарламаларды әзірлеу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурстары жүргізілуі мүмкін, оларды өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді. Табиғат пайдаланушылар экологиялық рұқсатта айқындалған нормативтер шегінде жүзеге асыратын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ластаушы заттардың және қалдықтар түрлерінің тізбесіне сәйкес алынады. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны есептеу әдістемесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен базалық ставкалардан төмен болмайтындай және шекті ставкалардан жоғары болмайтындай етіп белгілейді.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттемелерді атқару табиғат пайдаланушыны қоршаған ортаға келтірген залалды өтеуден босатпайды.

Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді. Табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды тиімді жүзеге асыруын экономикалық ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының шекті ставкаларын бекітуі мүмкін. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер бере алады. Үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және авариялық ластануы нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу экологиялық сақтандырудың мақсаты болып табылады.

Міндетті экологиялық сақтандыру Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңына сәйкес жүзеге асырылады. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық жағының қауіпті түрлерін осы Кодекс және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Ерікті экологиялық сақтандыруды жеке және заңды тұлғалар өздерінің еркін білдіруіне қарай жүзеге асырады. Ерікті экологиялық сақтандырудың түрлері, талаптары және тәртібі сақтандырушылар мен сақтанушылар арасындағы шарттарда айқындалады.

Экологиялық аудит тікелей антропогендік қызметпен байланысты тұтастай алғанда қоршаған ортаның құлдырауына не халықтың өмір сүру жағдайларының және экологиялық тәуекелдердің нашарлауына жеткізетін қоршаған орта компоненттерінің табиғи жай-күйінің көрінеу әрі жасырын бұзылуларын

анықтаудың, оларды талдау мен бағалаудың тетігі болып табылады. Сондай-ақ, экологиялық аудит қоршаған ортаны қорғау жөніндегі табиғат қорғау нормалары мен талаптарының орын алған бұзылуларының алдын алу мен жою мақсатында өзінің шаруашылық қызметінің экологиялық салдарларына бақылау жасауының құралы, сондай-ақ белгілі бір аумақтағы жеке және заңды тұлғалардың алдағы қызметінің мүмкіндіктері мен бағыттары туралы шешімдер қабылдау үшін басқару құралы болып табылады (жұмыстың бұрынғы режимін сақтау, қайта құру, жаңғырту және т.т.). Аудитті жүзеге асыру кезінде база ретінде: қолданыстағы заң актілері, қоршаған орта мен халықтың денсаулығын қорғау бөлігінде бақылау міндетін жүзеге асыратын ведомстволар шығаратын нормативтік, әдістемелік және нұсқаулық құжаттар; табиғат пайдаланушылардың өндірістік қызметінің техникалық және экологиялық сипаттамасы; қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйіне мониторингтің деректері; техникалық, технологиялық, инженерлік шешімдерді жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу және өзге де жұмыстардың нәтижелері, бұларды іске асыру қоршаған ортаны сауықтыруды қамтамасыз етеді; табиғат қорғау, экономикалық және әлеуметтік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы статистикалық органдарының деректері; кәсіпорынды, қаланы, өңірді дамытудың индикативтік жоспары пайдаланылады.

Міндетті экологиялық аудит пен бастамашылық экологиялық аудит экологиялық аудиттің түрлері болып табылады. Жеке және заңды тұлғалардың **міндетті экологиялық аудитін жүргізу** үшін негіздер мыналар болып табылады: құжат жүзінде дәлелденген жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметімен келтірілген қоршаған ортаға нұқсаны; заңды тұлға — табиғат пайдаланушыны қайта ұйымдастыру; қарауында стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық жағынан қауіпті объектілері бар заңды тұлғалардың банкротқа ұшырауы. Бастамашылық экологиялық аудит бастамашы мен экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның арасындағы экологиялық аудитті жүргізуге жасалған шартта көзделген экологиялық аудиттің нақты міндеттерін, мерзімдері мен көлемін ескере отырып аудиттелетін субъектінің не қатысушының бастамасы бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 889 "Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялаудың және жүргізудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес экологиялық аудит бірнеше кезеңдерде жүргізіледі: экологиялық аудиттің мақсаттарын анықтау (аудиттелетін адам қызметінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасына және экологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және басқалары); тексерілетін адамның құжаттамасын алдын ала талдау (аудиттелетін адам оны алдын ала талдау жүргізу үшін дайындалып жатқан аудит бойынша құжаттаманы ұсынады, соның ішінде: шаруашылық жүргізуші субъектінің менеджмент жүйесі жөніндегі құжаттама, экологиялық аудит жөніндегі алдыңғы қорытындылар, аудитті орындаушыға экологиялық аудитті жүргізу мүмкіндігін анықтау үшін қажетті техникалық құжаттама); экологиялық аудитті жүргізуге шарт жасасу; экологиялық аудитті жүргізу (экологиялық аудит аудитор жасайтын және аудиттелетін адаммен келісілетін аудит жоспарына сәйкес жүргізіледі); аудиторлық есепті жасау (міндетті экологиялық аудиттің



нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі, ал бастамашылық экологиялық аудиттің нәтижелері құпия болып табылады және оның мәліметтерін жариялау құқығына тек аудиттелетін субъекті ғана ие болады).

Экологиялық аудитор Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте аттестациядан өткен және экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған жеке тұлға болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 889 "Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялаудың және жүргізудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес жеке тұлғаларға арналған біліктілік талаптарына мыналар кіреді: жоғары кәсіптік немесе орта кәсіптік білім, қоршаған орта саласында кем дегенде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы, экологиялық аудитор біліктілік куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмелері, тиісті материалдық-техникалық база (экологиялық аудитті жүргізу үшін қажетті компьютерлік және электронды техника, анықтамалық және әдістемелік әдебиет, нормативтік құқықтық актілер, техникалық құжаттар және т.б.).

Экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның біліктілік деңгейі осы қызмет түріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін субъектіге қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, егер заңнамалық актілерде өзгеше мерзім белгіленбеген болса, барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап - бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін — он күндік мерзімнен кешіктірмей береді.

Экологиялық аудитор жеке кәсіпкер ретінде не экологиялық аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға құқылы. Экологиялық аудиторлық ұйым — өндірістік кооператив пен мемлекеттік кәсіпорынды қоспағанда, кез келген ұйымдық-құқықтық экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым. **Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың** құқық қатынастарының субъектілері ретінде құқығы болады және белгілі бір міндеттер атқарады. Мысалы олар: экологиялық аудитті жүргізудің әдістерін дербес анықтауға; экологиялық аудит өткізуге жасасылған шарттардың талаптарын орындау үшін қажетті құжаттаманы алуға және тексеруге; шарт негізінде экологиялық аудитті жүргізуге қатысуға әр түрлі бейіндегі мамандарды тартуға; экологиялық аудитті жүргізуден бас тартуға не экологиялық аудитті жүргізуге жасасылған шарт талаптарын аудиттелетін субъекті бұзған жағдайда экологиялық аудиторлық есеп беруге құқылы.

## Экологиялық талаптар

---

Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге қызмет түрлеріне қойылатын экологиялық талаптар келесі түрлерге бөлінеді:



## 7-тақырып. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік белгілі бір мақсаттарды орындауға бағытталған, ол мақсаттардың негізгісі мемлекет белгілеген экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету. Бұл құқық институты мына негізгі: құқық нормаларын сақтауға, экологиялық-құқықтық нұсқамалықтарды орындауға ынталандыратын; қоршаған ортадағы ысырапты өтеуге өтемдік және адам денсаулығын қалпына келтіру; жаңадан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ететін ескерту; экологиялық құқық бұзушылықты жасаған адамға жаза қолдануда орын алатын жазалау міндеттерін орындайды. Сонымен, жоғарыда айтылған сипаттаманы ескере отырып, мынадай анықтаманы тұжырымдауға болады: экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік институты — кінәлі емес адамдардың заңда баянды етілген экологиялық құқық тәртібін сақтау мақсатында оларға мәжбүрлеу ықпалының мемлекеттік шаралары жүйесін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік таңдауының негізі экологиялық құқық бұзушылықты жасау болып табылады, одан экологиялық құқықтың нормаларын реттеуді бұзатын құқыққа қарсы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік, мемлекетке, табиғат пайдаланушыға және қоршаған ортаға зиян келтіретін, ал осы арқылы адамның денсаулығына да, не осындай зиян келтірудің нақты мазмұны болатын қоғамдық қатынастар түсініледі. Бұл анықтамадан мынаны аңғаруға болады: экологиялық құқық бұзушылық бұл табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануды бұзатын құқыққа қарсы әрекет.

Экологиялық құқық бұзушылық субъектілері азаматтар, лауазымды адамдар, кәсіпорын, мекеме, ұйым болып табылады. Бұл орайда жеке тұлғаларға шетелдік азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жатады, өйткені олар да табиғат пайдалану жөніндегі құқықтық қатынастарына қатысуы және экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапты болуы мүмкін. Табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы жеке тұлғалардың жауапкершілігі 16 жасқа толған кезде басталады.

Экологиялық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық ниеттің неге бағытталғанын сипаттайды. Экологиялық құқық бұзушылықтың жалпы объектісі табиғат және оның құрамындағы элементтер болады, олар экологиялық құқық қатынастарының кіші объектілерінде топыраққа, суға, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне т.б. бөлінеді. Мынаны атап көрсету керек: экологиялық заңнамамен өз болмысында табиғат объектісі емес объектісі болатын құқық бұзулары, мысалға айтсақ, табиғи ресурстардың меншік иесі ретінде мемлекеттің заңдылық күші көзделген. Экологиялық жауапкершілік шараларын қолдану үшін экологиялық құқық бұзушылықтың барлық белгілерінің және барлық элементтерінің болуы қажет. Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлері табиғат объектісіне қарай бөлінеді. Олар мыналарға: жер құқық бұзушылығы; су құқық бұзушылығы; орман құқық бұзушылығы; тау-кен құқық бұзушылығы; жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану

жөніндегі құқық бұзушылығы (фауналық құқық бұзушылықтары); ауаны қорғау құқық бұзушылығы болып бөлінеді. Экологиялық құқық бұзушылық түрлерінің әрқайсысына жер, су, орман және т.б. заңдарының үлкен тобы жатады, олардың тізбесі табиғаттың осы объектілері туралы кодекстерде келтіріледі. Бұл ретте, экологиялық құқық бұзушылықтың бір - бірінен өзгеше ерекшеліктері болады, олар туралы объектілердің құқық бұзушылықтарын талдау кезінде төменде айтылатын болады. Қоғамға қауіптілік деңгейіне қарай экологиялық құқық бұзушылық экологиялық қылмыстарға бөлінеді, олар үшін қылмыстық жауапкершілік және терісқылық үшін әкімшілік, азаматтық және тәртіптік жауапкершілік көзделген. Басқа құқық бұзушылықтардан өзгеше экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігі табиғатқа келтірілетін зиян фактісінің болуы не оның басталуының нақты қаупі болып табылады. Экологиялық зиянды объектілер бойынша қоршаған табиғат ортасына келтірілген зиян және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделеріне келтірілген зиян деп топтастыруға болады. Қоршаған табиғат ортасына келтірілген зиян мына жағдайларда: табиғат ортасының қоршаған ортасының ластануы кезінде; қоршаған табиғат ортасының былғанып қалуы кезінде; табиғи ресурстардың таусылуы кезінде; табиғат объектілерінің жойылуы, бұзылуы, зақымдануы кезінде; экологиялық байланыстардың бұзылуы, табиғи ортадағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы кезінде пайда болады.

Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне: Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүліктік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық; қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; экологиялық қылмыстар жатады. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті. Мыналардың: табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің; табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдаланудың; қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде авариялық, келісілмеген жаппай шығарындылар мен төгінділердің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың; қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

Экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жеке тұлғалардың денсаулығына келтірілген зиянды, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалды өтеуі ерікті түрде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізіледі. Зиян жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі, оның емделуіне және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындар, аурудың күтіміне байланысты шығындар, өзге де шығыстар мен жоғалтулар ескеріле отырып, толық көлемде өтелуге тиіс.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу ерікті түрде немесе жүргізілу тәртібі осы Кодекске сәйкес айқындалатын залалды экономикалық бағалау негізінде

сот шешімі бойынша жүргізіледі. Қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты жеке және заңды тұлғалар, егер зиянның еңсерілмейтін күш немесе жәбірленушінің теріс пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, жоғары қауіп көзі келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу нәтижесінде келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс. Қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірілген залалды ерікті түрде жоюға не өзгеше тәсілмен оның орнын толтыруға құқылы. Тұлғаның залалды жою не оның орнын толтыру туралы міндеттемесі кепілхатта жазылуға тиіс. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның өз қаражаты немесе сақтандыру төлемдері есебінен құндық нысанда жүзеге асырылуы мүмкін. Зиянды өтеудің құндық нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды молықтыру жөніндегі іс-шараларды орындауға, талапкерге, алынбай қалған пайданы қоса алғанда, өзге шығындарды өтеуге арналған ақшалай қаражат жатады. Тараптардың келісімімен сот шешімі бойынша зиян жауапкерге қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі міндеттерді жүктеу жолымен заттай нысанда өтелуі мүмкін.

Зиянды өтеудің заттай нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіру, жойылған не бүлінген табиғи ресурстың орнына оған құны тең ресурс беру жөніндегі шаралар жатады. Зиянды заттай нысанда өтеу келтірілген зиянды өтеудің тәртібін, талаптарын, мерзімдері мен көлемін регламенттейтін шарт және келісім жасасу жолымен жүргізіледі. Зиянды өтеудің өндіріліп алынатын сомасы мемлекеттік бюджетке, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда жәбірленуші тұлғаға аударылады. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаны әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

Экологиялық дауларды соттар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шешеді. Экологиялық құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы экологиялық даулар келіссөздер арқылы, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не тараптардың бұрын келісілген дауларды шешу рәсіміне сәйкес шешілуі мүмкін.

**Экологиялық құқықтың кешенді институты**

Экологиялық құқықтың кешенді институты ( оған құқықтың әртүрлі саласының нормалары кіреді – жер, тау, су, орман, табиғат қорғау және құқықтың басқа да салалары) негізгі төрт қызметті атқарады:

экологиялық-құқықтық бұйрықтарының орындалуын, құқық нормаларының сақталуын ынталандыратын;

адам денсаулығын қалпына келтіру мен қоршаған ортаға келтірілегн залалды өтеуге бағытталған өтемдік;

жаңа құқық бұзушылықтың алдын алу қамтамасыз ететін ескерту;

экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғаға қолданылатын жаза қолдану

## Ерекше бөлім

### 8-тақырып. Жердің құқықтық режимі

**Жерді қорғау** — оның табиғи қасиеті мен шаруашылық мақсатын қорғау. ҚР Жер кодексінің 17-тарауы жерді қорғауға арналған, ал 139-бапта жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері анықталған. Бұл бапқа сәйкес, жерді қорғау қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды. Жерді ұтымды пайдалану ауыл және орман шаруашылығында топырақтың құнарлығын арттырумен байланысты агротехникалық шараларды жүргізу арқылы жер пайдалануды білдіреді.

**Жерді қорғау мақсаттары** болып мыналар табылады: өндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын ынталандыру және орман мелиорациялық, мелиорациялық және басқа да іс-шараларды жүргізу арқылы жердің тозуы мен бұлінуін, шаруашылық қызметтің басқа да қолайсыз зардаптарын болдырмау; тозған немесе бұлінген жерді жақсарту мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету; жерді оңтайлы пайдаланудың экологиялық нормативтерін тәжірибеге енгізу. Жерді қорғаудың аталған мақсаттары мен міндеттерінің барлығы нысаналы болып табылады, оларды жүргізу үшін жер туралы заңнамада ауыл және орман шаруашылығы өндірісі және құрылыс объектісі процесіне қатысатын жауапты тұлғалар белгіленген.

Жерді ұтымды пайдалану мен оны қорғауға қатысты жүргізілетін бақылауды келесі түрлерге бөлуге болады:

- 1) мемлекеттік бақылау;
- 2) ведомстволық бақылау;
- 3) өндірістік бақылау;
- 4) қоғамдық бақылау.

Жерді пайдалану мен қорғауға қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 19-ақпандағы № 235 қаулысымен Жерді пайдалану мен қорғауға қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы ереже бекітілді. Бұл ережеде аталғандай, жерді пайдалану мен қорғауға қатысты мемлекеттік бақылауды жергілікті атқарушы органдар, жер ресурстарын басқару, табиғатты қорғау жөніндегі атқарушы органдар және өз құзыреті шегінде өзге де уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын өзге де уәкілетті органдардың қатарынан келесі органдар аталған: Қазақстан Республикасының Денсаулық қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігі; Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті. Бұл органдар өз функцияларын жергілікті атқарушы органдармен және өзара бірлесе отырып жүзеге асырады. Ереженің күші жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, жергілікті атқарушы органдар құрған жергілікті инспекцияларға да таралады. Жер инспекцияларына әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

жүзеге асырады. Өз құзыреті шегінде жерді пайдалану мен қорғауға қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың нұсқаулары учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың барлығы үшін міндетті болып табылады.

Жер пайдалану құқығы. Бұл институт жер құқығы жүйесіндегі аса маңызды институттардың бірі. Жер пайдалану құқығы – бұл тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін ақылы және ақысыз негізде шектеусіз мерзімге немесе белгілі бір мерзім ішінде иелену және пайдалану құқығы.

Жер құқығы қатынастарының жер пайдалану саласындағы субъектілері болып мыналар табылады:

- 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілер;
- 2) ұлттық және шетелдік субъектілер;
- 3) жеке және заңды тұлғалар;
- 4) тұрақты және уақытша субъектілер;
- 5) бастапқы және кейінгі субъектілер.

Жер құқығы қатынастарының субъектілері өз құрамы бойынша бірыңғай емес және жерлердің құқықтық режиміне, санаттарына, пайдалануына, жалға берілуіне, меншік түрлеріне және табиғат объектілерінің басқа түрлерімен байланысына қарай күрделі болып келеді.

Жер пайдалану құқығы заттық құқық болып табылады. Жер пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтеулі немесе өтеусіз алынатын болуы мүмкін. Жер кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген негіздерден басқа реттерде ешкімді де жер пайдалану құқығынан айыруға болмайды.

#### **Жер пайдаланушылар:**

- 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес;
- 2) ұлттық және шетелдік;
- 3) жеке және заңды тұлғалар;
- 4) тұрақты және уақытша;
- 5) бастапқы және кейінгі болып бөлінеді.

Жер пайдалану құқығы: жер пайдалану құқығын табыстау; жер пайдалану құқығын беру; жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) арқылы туындайды. Жер пайдалану құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Жер пайдалану құқығы: 1) мемлекеттік органдар актілерінің; 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде; 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

**Жер пайдалану құқығын табыстау** тұлғаға жер пайдалану құқығын тікелей мемлекеттің беретінін білдіреді. Азаматтарға және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығын табыстау облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жер учаскесіне құқық табыстау жөніндегі құзыретіне сәйкес оның шешімі негізінде жүргізіледі. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті



атқарушы органы мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға уақытша жер пайдалану құқығын табыстаған кезде уақытша жер пайдалану құқығын табыстау туралы шешім негізінде жер пайдаланушылармен жер учаскесін жалға беру шарттары немесе уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттары жасалады. Егер жер учаскесі жер қойнауын пайдалануға лицензия немесе келісімшарт жасасуды талап ететін қызметті жүзеге асыруға немесе іс-қимыл жасауға арналса, осы учаскеге жер пайдалану құқығын табыстау жер қойнауын пайдалануға тиісті лицензия алынған немесе келісімшарт жасалған соң жүргізіледі.

**Жер пайдалану құқығын беру** тұлғаға жер пайдалану құқығын басқа жер пайдаланушының беретінін білдіреді. Жер пайдалану құқығын беру азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын иеліктен шығару азаматтық-құқықтық мәмілелер (сатып алу-сату, сыйға тарту, айырбастау және басқалар) негізінде жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын белгілі бір мерзімге басқа тұлғаға беру жалдау немесе жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану шартының негізінде жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын беру мен оны иеліктен шығаруды уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сатып алған тұлғалар ғана жүргізе алады. Жер пайдалану құқығын иеліктен шығару және оны беру кезінде жер пайдаланушылардың жер учаскесінің нысаналы мақсатын өз бетінше өзгертуге құқығы жоқ.

**Жер пайдаланушылардың:** 1) ортақ пайдаланудағы; 2) қорғаныс қажеттеріне берілген; 3) орман қорының; 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы; 5) қызметтік жер телімінің; 6) уақытша өтеусіз және уақытша қысқа мерзімді өтеулі жер пайдалану құқығымен берілген жер учаскелерінің; 7) кепілге беруді қоспағанда, шаруа (фермер) қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану құқығымен берілген жер учаскелерінің; 8) су қорының жерінде жер пайдалану құқығын иеліктен шығаруды қоса алғанда, жер пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасасуына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасында жерге **мемлекеттік меншік пен жеке меншік** танылады және бірдей қорғалады.

**Меншік құқығының субъектілері:** республика аумағындағы жерге мемлекеттік меншік құқығының субъектісі - Қазақстан Республикасы; кодексте белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жер учаскелеріне жеке меншік құқығының субъектісі - азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар, Жер кодексінде өзгеше белгіленбесе, азаматтар деп Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ұғынылады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің меншік иесі болып табылатын азамат Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылуға тиіс не жер учаскесіне құқық 10 жылға дейін жалдау шартымен уақытша жер пайдалану құқығына бір жыл ішінде қайта ресімделуге тиіс. Жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылған кезде, жер учаскесінің сатып алу бағасы меншік иесіне осы учаскені мемлекеттен сатып алған баға бойынша, жер учаскелерін сатудан түсетін

қаражат есебінен төленеді. Жергілікті атқарушы орган жер учаскесін сатып алудан бас тартқан жағдайда, ол учаске оның рұқсатымен Қазақстан Республикасының азаматына сатылуы мүмкін.

Мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген, қорғаныс қажеттеріне пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алып жатқан, сауықтыру және тарихи-мәдени мақсаттағы, орман және су қорларының, елді мекендер жеріндегі ортақ пайдаланудағы, босалқы жер, оның ішінде арнайы жер қорының жер учаскелері, кенттер мен ауылдық елді мекендердің маңындағы жайылымдық және шабындық алқаптар, сондай-ақ жеке меншікке берілмеген шалғайдағы жайылымдар мен басқа да жерлер мемлекеттік меншікте болады.

Азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың бөлек меншігіне: тұрғын халықтың қажетіне арнап пайдаланылатын және соған арналған жайылымдық және шабындық алқаптар; ортақ пайдаланудағы жолдар, оның ішінде шаруашылықаралық және мекенаралық маңызы бар, сондай-ақ ортақ пайдаланудағы жер учаскелеріне өтуге арналған жолдар; жер учаскелерінің екі немесе одан көп меншік иелері немесе жер пайдаланушылар бірлесіп пайдаланатын суландыру құрылыстары (суландыру каналдары, суағарлар, құдықтар, суат пункттері) орналасқан жер учаскелері берілмейді.

Мемлекеттік меншіктегі жерден жер учаскелері: 1) жеке меншікке сатылуы немесе өтеусіз берілуі; 2) тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін.

Жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен мынадай мемлекеттік жер пайдаланушыларға: 1) кондоминиум объектілеріндегі үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды), үй-жайларды шаруашылық жүргізу құқығымен немесе оралымды басқару құқығымен иеленетін заңды тұлғаларға; 2) ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға; 3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінде жер пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға; 4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда беріледі.

Тұрақты жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға тиесілі болмайды. Жер учаскесі азаматтар мен заңды тұлғаларға уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) немесе уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен берілуі мүмкін. Жер кодексте және Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы 5 жылға дейінгі мерзімге табысталады. Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы қысқа мерзімді (5 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (5 жылдан 49 жылға дейін) болуы мүмкін. Уақытша жер пайдалану құқығын табыстау мерзімдері жер учаскесіне берілетін құқықты, оның нысаналы мақсатын және аумақты аймақтарға бөлуді ескере отырып белгіленеді.

Жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен: шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін; тұрғын халықтың мал жаюы мен шөп шабуы үшін; мемлекеттік жер пайдаланушыларға; бақша өсіру үшін; қызметтік жер телімі түрінде; ортақ пайдаланылатын жолдарды салу, мемлекеттік меншіктегі және әлеуметтік-

мәдени мақсаттағы объектілер құрылысы кезеңіне; тозған және бұлінген жерлерді қалпына келтіру кезінде; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен үйлерді және ғимараттарды уақытша өтеусіз пайдалануға берген кезде; ғибадат объектілері үшін берілуі мүмкін.

Уақытша өтеусіз жер пайдалану мерзімі жер учаскелерін қызметтік жер телімі түрінде және тозған әрі бұлінген жерді қалпына келтіру үшін берілетін жағдайларды қоспағанда, бес жылдан аспауға тиіс. Үйлер мен ғимараттарға берілген жер учаскесін уақытша өтеусіз жер пайдалану мерзімі үйлерді және ғимараттарды, соның ішінде ғибадат құрылыстарын уақытша өтеусіз пайдалану мерзімімен айқындалады. Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығындағы жер учаскелерін иеліктен шығаруға, соның ішінде оларды кейінгі жер пайдалануға беруге жол берілмейді. Жер учаскесіне уақытша өтеулі (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығы азаматтарға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға табысталуы мүмкін.

Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушы (жалға алушы) шарт мерзімі аяқталғаннан кейін, басқа тең жағдайларда, жаңа мерзімге шарт жасасуға басқа тұлғалар алдында басым құқығы болады. Жалға алушы осындай шарт жасасу ниеті туралы жалға берушіні шартта көрсетілген мерзімде, егер шартта мұндай мерзім көрсетілмесе, шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті.

Мемлекеттен уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сатып алған, мемлекеттік емес жер пайдаланушылар өздеріне тиесілі жер учаскелерін (немесе олардың бір бөлігін) жалға (қосалқы жалға) немесе уақытша өтеусіз пайдалануға беруге құқылы. Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы шаруа (фермер) қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларына - 49 жылға дейінгі мерзімге, ал шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға 10 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Бастапқы жер пайдаланушы өзінің жер пайдалану құқығын иелігінен шығармай, ал өзіне тиесілі учаскені (немесе оның бір бөлігін) жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органына хабарлай отырып, басқа тұлғаға уақытша жер пайдалануға беретін жағдайларда, кейінгі жер пайдалану туралы шарттың негізінде кейінгі жер пайдалану туындайды. Кейінгі жер пайдаланушы әрдайым уақытша жер пайдаланушы болып табылады, өз құқықтарын басқа жер пайдаланушыларға беруге құқығы болмайды.

Жер учаскесін кейінгі жер пайдалануға берген кезде бастапқы және кейінгі жер пайдаланушылар жер пайдаланушының мемлекет алдындағы міндеттерін толық көлемінде атқарады. Кейінгі жер пайдалану туралы шарт жалдау шарты немесе уақытша өтеусіз пайдалану туралы шарт нысанында жасалады. Кейінгі жер пайдаланушы жер учаскесінде шаруашылық жүргізуді жүзеге асырады, сондай-ақ кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) туралы шартта белгіленген


шарттарды сақтай отырып, жер пайдаланушының басқа да құқықтары мен міндеттерін іске асырады.


Мемлекеттік жер пайдаланушылар жер учаскесінде шаруашылық жүргізуді жүзеге асырады, сондай-ақ осы учаскенің нысаналы мақсаты мен жер пайдаланушы қызметінің жарғыдағы мақсаттарын ескере отырып, жер пайдаланушының басқа да құқықтарын іске асырады. Мемлекеттік жер пайдаланушы өзіне тиесілі жер пайдалану құқығын иелігінен шығаруға, сондай-ақ кепілге беруге құқылы емес. Жер учаскесі қызметтік жер телімі тәртібімен берілетін жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік жер пайдаланушының өзіне тиесілі жер учаскесін уақытша өтеусіз жер пайдалануға беруіне жол берілмейді.

Жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы заң бойынша мұраға ие болу кезінде немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда құқық мирасқорында жер пайдалану құқығының туындауын білдіреді. Жер учаскесіне ұзақ мерзімді уақытша жер пайдалану құқығы бар азамат қайтыс болған жағдайда, жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Егер уақытша жер пайдалану шартында өзгеше көзделмесе, қысқа мерзімді уақытша жер пайдалану құқығы да осындай тәртіппен мұраға қалдырылады. Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, оған тиесілі жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарының нормаларына және Жер кодексіне сәйкес құқық мирасқорына көшеді. Қазақстан Республикасының мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы заңнамалық актісіне сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқық беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**Табиғат пайдаланушылар жерді пайдалану кезінде:** санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін өндіріс технологияларын қолдануы, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуі, қолжетімді озық технологияларды енгізуі; топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және құнарлылығының төмендеуіне, сондай-ақ құнарлы қабаттың мүлдем жоғалуын болғызбау үшін оны алу қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатында топырақтың құнарлы қабатын алуға жол бермеуі; қалдықтарды жинақтау мен жоюды олардың құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, сондай-ақ арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен айқындалатын жерде жүргізу талаптарын сақтауы тиіс.





## 9-тақырып. Жер қойнауының құқықтық режимі

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттарға, жобалау құжаттамаларына мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындылары және экологиялық рұқсат жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіздеме болып табылады. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаға жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баға беру кірген және "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бар барлық жобалау алдындағы және жобалау құжаттарын ұсынуға міндетті.

**Жер қойнауын пайдалану кезіндегі жалпы экологиялық талаптар:** жер қойнауын Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес пайдалану; кен орнын игерудің арнаулы әдістерін қолдану есебінен жердің үстіңгі қабатын сақтау; жердің техногендік шөлейттенуін болғызбау; барлау, өндіру кезінде, сондай-ақ барлаумен және өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу мен пайдалануға беру кезінде қауіпті техногендік процестердің пайда болуынан сақтандыру шараларын қолдану; жер қойнауын су басудан, өрттен және кен орындарын пайдалану мен қазуды қиындататын басқа да дүлей факторлардан қорғау; жер қойнауының, әсіресе мұнайды, газды немесе өзге де заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму кезінде ластануын болғызбау; жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, тоқтату, тоқтатып қою, кен орнын игеру объектілерін консервациялау мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау; қалдықтарды жинап қою мен орналастыру кезінде экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету; автомобиль жолдарын салу жұмыстары басталмас бұрын ұтымды схема бойынша, сондай-ақ ұңғымаларды бұрғылауда тармақты тәсілді қоса алғанда басқа да әдістерді пайдалану, ішкі үйінділер жасау технологиясын қолдану, минералдық шикізатты өндіру мен өндеудің қалдықтарын пайдалану арқылы бұзылатын және бүлінетін жердің аумағын азайту; топырақтың жел эрозиясына ұшырауын, аршу жыныстары және өндіріс қалдықтарының құлауын, олардың тотықтануы мен өздігінен жануын болғызбау; сіңірме және тұщы су қабаттарының ластануын болғызбау үшін оларды оқшаулау; жер асты суларының сарқылуын және ластануын болғызбау, оның ішінде жуғыш сұйықтарды дайындағанда уытсыз реагенттерді қолдану; бұрғылау ерітінділерін тазалау және қайталап пайдалану; бұрғылау және жанар-жағармай материалдарының қалдықтарын экологиялық қауіпсіз тәсілмен жою; мұнай кен орындарында қабатаралық қысымды сақтау жүйесінде мұнай кәсіпшілігі сарқынды суларын тазалау және қайтадан пайдалану негізгі экологиялық талаптар болып табылады.

Нормативтік көрсеткішке дейін тазартылмаған сарқынды суды жер қойнауына ағызуға тыйым салынады, бұл ретте пайдалы қазбалармен бірге шыққан суды қайтадан айдау, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптаманың және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да сараптамалардың оң қорытындысын алған жобалар мен технологиялық регламенттерде көзделген пайдалы қазбаларды өндіруге

арналған технологиялық ерітінділерді жер қойнауына айдау сарқынды суды ағызу болып табылмайды.

**Жер қойнауын пайдаланушы:** жұмыстарды жүргізудің халықаралық практикада қабылданған стандарттарға негізделген неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға; жер қойнауының ұтымды пайдаланылуын, қызметкерлердің, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық схемалар мен жобаларды сақтауға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар шаруашылық қызметінің экологиялық жағынан қауіпті түрлері болып табылады және мынадай талаптар сақталған кезде орындалуға тиіс: ұңғымалар мен тау-кен өндіру конструкциялары беріктігі, технологиялылығы және экологиялық қауіпсіздігі жағынан жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау шарттарын қамтамасыз етуге тиіс; бұрғылау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да операциялар кезінде атмосфераға осындай қондырғылардан тазартылмаған газдардың шығарылуы олардың техникалық сипаттамасына және экологиялық талаптарға сәйкес келуге тиіс; құнарлы жерде және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде жер қойнауын пайдалану жөніндегі құрылыстарды салу кезінде жабдықтарды монтаждауға дайындық жұмыстарын жүргізу процесінде аумақтың құнарлылығын кейіннен қалпына келтіру үшін құнарлы қабат алынады және жеке сақталады; уытты заттардың табиғи объектілерге көшуін болғызбау үшін технологиялық алаңдарды гидрологиялық оқшаулай отырып, жер қойнауын пайдаланудың қалдықтарын ұйымдасқан түрде жинау мен сақтаудың инженерлік жүйесі көзделуге тиіс; құдықтардағы судың сапасына қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісілген жоспар бойынша су пайдаланушылардың күшімен жүйелі зертханалық байқаулар ұйымдастырылуға тиіс. Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде: қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу және пайдалану, өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жерасты су объектілеріне шекті жол берілетін зиянды әсерлердің нормативтерін сақтауға; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өзінің немесе өзге де лабораторияларға ағызылатын сулардың химиялық құрамын анықтауды қамтамасыз етуге; қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына ластаушы заттардың авариялық ағызылғаны туралы, сондай-ақ жерасты суларын алудың белгіленген режимінің бұзылуы және оларға суларды ағызу (айдау) объектісі туралы шұғыл ақпаратты беруге міндетті.



**Жер қойнауындағы пайдалы қазбалар түрлері**

**Пайдалы қазба** – жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ күйінде болатын (оның ішінде емдік батпақтар), материалдық өндірісте пайдаланылатын табиғи минералдық түзілім.

**кен орны** – жер қойнауының пайдалы қазбаның (пайдалы қазбалардың) табиғи қоры бар бөлігі

**минералдық шикізат** – пайдалы қазбасы (пайдалы қазбалар) бар, жер қойнауының үстіне алып шығарылған (тау жынысы, рудалық шикізат және тағы басқалар)

**жерасты сулары** – жер қойнауындағы және Жер қойнауы туралы заңға сәйкес қолданылатын пайдалы қазба

**техногенді минералдық түзілімдер** – жер қойнауын пайдаланушылардың таукен өндірілетін және байытатын, металлургиялық және өзге же өнеркәсіптің қалдықтары болып табылатын, пайдалы құрамдары бар минералдық түзілімдердің, тау жыныстарының, сұйықтықтары мен қоспалардың жиынтығы


## 10-тақырып. Судың құқықтық режимі

Су айдындары (өзендер және олармен теңдестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар мен басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, су көздерінде орналасқан, ағысты реттейтін су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жер, сондай-ақ осы құрылыстардың су күзет аймақтары мен белдеулеріне және ауыз сумен қамтамасыз етудің бас саға жүйелерін санитарлық күзет аймақтарына бөлінген жер су қорының жері деп танылады. Су айдындары, мұздықтар, батпақтар, мемлекетаралық және республикалық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан су қорының жері, сондай-ақ осы құрылыстардың су қорғау белдеулеріне және ауыз сумен қамтамасыз етудің бас саға жүйелерін санитарлық күзет аймақтарына бөлінген жер мемлекет меншігінде болады. Ауданаралық (облыстық) және шаруашылықаралық (аудандық) маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары (суару және кәріз жүйелері) алып жатқан су қоры жерінің құрамындағы жер учаскелері, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші бір субъектінің жер учаскесіне қызмет ететін ирригациялық құрылыстары, аталған құрылыстар жекешелендірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде болуы мүмкін. Жергілікті атқарушы органдар су ресурстарын басқарудың уәкілетті органының ұсынысымен өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар, ішкі сулар, мұздықтар, батпақтар жағалауынан, гидротехникалық және басқа да су шаруашылығы құрылыстары жанынан су қорғау аймақтары мен белдеулеріне жер учаскелерін бөледі. Су қорғау аймақтары мен белдеулеріне енгізілген жер учаскелерін пайдалану Қазақстан Республикасының су заңдарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдар су ресурстарын басқарудың уәкілетті органымен келісім бойынша жеке және заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығының, орман, балық, аңшылық шаруашылықтарының қажеттері үшін және жер учаскесінің негізгі нысаналы мақсатына қайшы келмейтін басқа да мақсаттар үшін уақытша жер пайдалануға су қоры жерінің құрамынан жер учаскелерін беруі мүмкін. Су қорының жерін пайдалану жер кодексімен және Қазақстан Республикасының су заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады. Су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Су объектілеріне мемлекеттік меншік құқығын бұзған жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттерінің күші болмайды және ол Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады. Жеке және заңды тұлғаларға су объектілерін пайдалану құқығын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша табыстайды. Жеке және заңды тұлғаларға су объектілері: қысқа мерзімді пайдалану; ұзақ мерзімді пайдалану құқығымен табысталады. Қысқа мерзімді пайдалану құқығы бес жылға дейінгі мерзімге, ұзақ мерзімді пайдалану құқығы бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге табысталады. Су объектілері пайдалануына берілген жеке және заңды тұлғалар су объектілерін пайдалану құқығына билік ете алмайды.

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы басқару құрылымы кешенділігі мен қоса бағыныстылығы ескеріле отырып, мынадай деңгейлерге бөлінеді: мемлекетаралық; мемлекеттік; бассейндік; аумақтық. Мемлекеттік органдар су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шаралар бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді тартуы мүмкін. Су объектілері, су шаруашылығы құрылыстары және су қорының жерлері су қатынастарының объектілері болып табылады. Су объектілері: жер үсті су объектілері; жер асты су объектілері; Қазақстан Республикасының теңіз сулары; трансшекаралық сулар болып бөлінеді. Пайдалану түрлеріне қарай су объектілері: ортақ пайдаланудағы су объектілері; бірлесіп пайдаланудағы су объектілері; оқшау пайдаланудағы су объектілері; асты су объектілері.

Су көздерінің ластауына, санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына, сумен жабдықтау жүйелерінің техникалық жағдайының қанағаттанғысыздығына байланысты халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету ең өзекті мәселе болып отыр. Маңғыстау облысының халқын ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі аса күрделі, себебі аймақ жартылай шөл далада орналасқан, су қорлары шектелген. Облыстың табиғи байлығын игеру экономиканың қарқынды дамуы үшін жеткілікті жағдай жасау сапалы суды көп қажет етеді. Санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы, сумен жабдықтау жүйелерінің техникалық жағдайының қанағаттанғысыздығы, сондай-ақ су көздерінің біртіндеп ластануы мен минералдануы бұл мәселені қиындата түсуде.

Қазіргі сумен жабдықтау жүйелерін қалпына келтіру және жетілдіру бас тоған мен су құбырлары желілері және имараттарын жөндеу және тиісті қалпында ұстау, бас тоған шүмектерін қалпына келтіру, резервтік сумен жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруды қамтиды. Бағдарламаның осы бағытын дамытуда аймақтық бағдарлама жобасымен аз шығын жұмсай отырып, халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге, материалдық және энергетикалық жабдықтаумен байланысты пайдалану шығыстарын қысқартуға мүмкіндік беретін мынадай іс-шараларды іске асыруды көздейді: облыстың барлық қалалары мен аудандарында қазіргі сумен жабдықтау жүйелерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары; бас тоғандарды кеңейтіп, сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту; бұрын салынған оқшау су құбырларын қалпына келтіру және күрделі жөндеу.



## 11-тақырып. Ормандардың құқықтық режимі

Орманды, сондай-ақ ағаш өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне берілген жер учаскелері орман қорының жері деп танылады.

Орман қорының жері мемлекеттік және жеке орман қоры жерінен тұрады. Табиғи өскен орманы бар және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен отырғызылған жасанды орманы бар жер, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалануға берілген ормансыз жер мемлекеттік орман қорының жеріне жатады.

Жеке орман қоры жеріне кодекске сәйкес орман өсіру үшін нысаналы мақсатта жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен отырғызылған қолдан өсірілген ормандар, агроорман-мелиорациялық екпелер, арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер және бюджет қаражаты есебінен отырғызылған агроорман-мелиорациялық екпелер өсіп тұрған жер жатады.

Орман қоры жеріндегі орман шаруашылығының қажеттеріне пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы алқаптары Қазақстан Республикасының орман заңдарына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін жеке және заңды тұлғаларға берілуі мүмкін. Орман қорының жерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін жердің басқа санаттарына ауыстыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін алып қоюдан немесе жеке және заңды тұлғалардың қызметінен болған әсердің нәтижесінде жер сапасының нашарлауынан туындаған орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасы бюджет кірісіне өтелуге тиіс.

Орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасыны өтеуді орман және ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты емес қажеттер үшін орман қоры жерінен жер учаскелері берілетін тұлғалар жүргізеді. Орман алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасыны өтеудің нормативтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Мемлекеттік орман қорына: ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда) табиғи және қолдан өсірілген ормандар; табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының қажеттері үшін берілген, орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері; халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды құбырлардың және басқа желілік құрылыстардың белдеулеріндегі ені он метр және одан көбірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелері жатады.

Жеке орман қорына Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісіне сәйкес орман өсіру үшін нысаналы мақсатта жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен жасалған, ені он метр және одан көбірек, алаңы 0,05 гектардан астам қолдан өсірілген ормандар, агроорман-мелиорациялық екпелер, арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер және

бюджет қаражаты есебінен отырғызылған агроорманмелиорациялық екпелер жатады. Орман қорына: мемлекеттік орман қорының жерінен тыс орналасқан жекелеген ағаштар және көлемі 0,05 гектардан кем шоқ ағаштар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі бұта өсімдіктер; қала ормандары мен орманды саябақтарды қоспағанда, елді мекендер шекарасы шегіндегі жасыл желектер; үй маңындағы, саяжайлар мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталар кірмейді. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады және республикалық меншікте болады. Жекеше орман қоры учаскелерін иеленуді, пайдалану мен оған билік етуді, орман кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес, жекеше орман иеленушілер жүзеге асырады.

Орман қорының жерлері мемлекеттік және жекеше орман қоры жерлеріне бөлінеді. Мемлекеттік орман қорының жерлеріне табиғи түрде ағаш өскен, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қолдан ағаш өсірілген және ағаш өспеген (орманды және ағаш өспеген алқаптар), орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалануға берілген жерлер жатады.

Жекеше орман қорының жеріне Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісіне сәйкес орман өсіру үшін нысаналы мақсатта жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен қолдан ағаш өсірілген, агроорман-мелиорациялық екпелер, арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер және бюджет қаражаты есебінен отырғызылған агроорманмелиорациялық екпелер өсірілген жерлер жатады.

Мемлекеттік орман қоры жерлерінің шекарасы жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде орман орналастыру материалдарының негізінде белгіленеді және нақтыланады. Мемлекеттік орман қорының жерлерін сатып алу-сату, кепілге беру және басқа мәмілелер жасасу арқылы иеліктен шығаруға жол берілмейді. Орман қорының жерлерін беру, алып қою және пайдалану тәртібі орман кодекспен, Қазақстан Республикасының жер және азаматтық заңдарымен айқындалады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижелері туралы хаттама және сол негізге алынып жасалған шарт негізінде туындайды. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы орман билетінің негізінде туындайды. Орман пайдаланушы жеке тұлға қайтыс болған жағдайда оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен басқа адамға ауысады. Орман пайдаланушы заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқоры - заңды тұлғаға ауысады.

Орман пайдалану құқығы - орман пайдалану түрі сақталғанда ғана, құқық мирасқорында орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті қаражат пен өндірістік қуаттар және облыстық атқарушы органдар айқындайтын тиісті біліктілікке ие мамандар болған жағдайда, ал орман пайдалану жөніндегі қызметтің лицензияланатын түрі жүзеге асырылатын жағдайда лицензиясы бар

болған кезде ғана ауысуы мүмкін. Орман пайдалану құқығының ауысуы ұзақ мерзімді орман пайдалану шартына, ағаш кесу билетіне, орман билетіне өзгерістер енгізу арқылы ресімделеді. Жекеше орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жекеше орман иеленуші айқындайтын тәртіппен туындайды. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға тендер хаттамасы негізінде және кейін қарауында мемлекеттік орман қоры учаскелері бар уәкілетті орган немесе облыстық атқарушы орган мен орман пайдаланушы арасындағы шартпен ресімделе отырып беріледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қаражаты мен өндірістік қуаттары және тиісті біліктілікке ие мамандары бар орман пайдаланушыларға 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалануға беріледі.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын жүргізу ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыру ағаш кесудің ғылыми негізделген жүйесін іске асыру, ормандарды молықтыру, олардың тұқымдық құрамын жақсарту, селекциялық-гендік негізде тұрақты ормандық тұқым базасын жасау және оны тиімді пайдалану, су-орман мелиорациясы, күтіп-баптау үшін ағаш кесу мен санитарлық ағаш кесуді қоса алғанда, орманды күтіп-баптау, орман шаруашылығы мақсатында жол салу, басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын өткізу нәтижесінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыру жөніндегі іс-шараларды орман мекемелері мен орман пайдаланушылар орман орналастыру жобаларына сәйкес жүргізеді.

Ормандарды молықтыру мақсаты мемлекеттік орман қорының ағашы кесілген, өртелген және бұрын орман өскен өзге де аумақтарында орманды уақытында қалпына келтіру, ормандардың тұқымдық құрамын жақсарту, олардың өнімділігін арттыру, мемлекеттік орман қоры жерлерінің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады. Орман өсірудің мақсаты бұрын орман өспеген аумақтарда екпелер отырғызу болып табылады. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру жөніндегі іс-шаралар орман өсіру жағдайлары мен экономикалық мақсатқа сәйкестігі ескеріле отырып, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталып, неғұрлым қысқа мерзімде өнімділігі жоғары және төзімді екпелер жасауды қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізілуге тиіс. Мемлекеттік орман қорында ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі жұмыстар көлемі мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады.

## Аңшылықты құқықтық реттеу

---

*Аңшылық* – аңшылық объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін тіршілік ету ортасынан алып қою арқылы жүзеге асырылатын жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың түрі. Ол мынадай түрлерге бөлінеді:

**Өндірістік аң аулау-**  
аңшылық объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік мақсатта аулау.

**Әуесқойлық (спорттық) аң аулау** – аңшылық объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және ауланған өнімдерді азық ретінде қолдану мақсатында аулау.



**Аңшылық алқаптары** – аңшылық объектісі болып табылатын жануарлар түрлерінің тіршілік ету ортасы болып табылатын, аңшылық және аңшылық шаруашылығы жүргізетін немесе жүргізілуі мүмкін аймақтар мен акваторийлер. Олардың келесі түрлері бар:

Жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін бекітіліп берген.

Жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін бекітілмеген аңшылық алқаптарының резервтік қорындағы алқаптар.

Аңшылық және аңшылық шаруашылығын Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен жүргізуге жол берілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан алқаптар.

## **12-тақырып. Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі**

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жануарлар дүниесі объектілерін табиғи ортадан алып қойылмай жүзеге асырылады. Жануарлар тіршілігінің пайдалы қасиеттерін, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа мақсаттарда пайдалану жануарлар дүниесін жалпы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануды жүзеге асыру кезінде жануарларды алып қоюға, олардың паналау орындарын және басқа да құрылыстарды қиратуға, жануарларды көбею кезеңінде мазалауға, жануарлардың тіршілік ету ортасын бұзуға және олардың көбею жағдайларын нашарлатуға тыйым салынады.

Жануарлар дүниесі объектілерін жаңа тіршілік ету орындарына көшіруге, Қазақстан фаунасы үшін жаңа жабайы жануарлар түрлерін жерсіндіруге, сондай-ақ жабайы жануарларды будандастыру жөніндегі іс-шараларға ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарында мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатымен жол беріледі.

Жеке және заңды тұлғалардың жабайы жануарларды өз бетінше көшіруіне, жерсіндіруіне және будандастыруына тыйым салынады. Жабайы жануарларды, сондай-ақ жабайы жануарлармен будандасуы немесе оларға зиян келтіруі мүмкін үй жануарларын жартылай ерікті немесе еріксіз жағдайларда ұстайтын немесе өсіретін жеке және заңды тұлғалар осы жануарлардың табиғи ортаға шығуын болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Жануарлардың тіршілігіне қатер төндіретін дүлей зілзала және төтенше экологиялық жағдайлар туындаған жағдайда, жануарлар дүниесі объектілерін пайдаланушылар жабайы жануарларға көмек көрсетуге және бұл туралы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға дереу хабарлауға міндетті.

Жануарлар дүниесі объектілерін Қазақстан Республикасына әкелу және одан тысқары жерлерге әкету жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ережелер бойынша жүзеге асырылады. Жануарлар тіршілігінің пайдалы қасиеттері мен өнімдерін пайдалануға, жануарларды алып қоймағанда және жоймағанда, олардың тіршілік ету ортасын нашарлатпағанда және жануарларға зиян келтірмегенде, жол беріледі. Жабайы жануарларды олардың тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында пайдалануға жануарларды алып қоймағанда және жоймағанда және олардың тіршілік ету ортасын нашарлатпағанда жол беріледі. Жабайы жануарларды олардың тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында пайдалану жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану

саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі, ауыл шаруашылық және басқа үй жануарлары ауруларын болдырмау, қоршаған ортаға, шаруашылық және басқа қызметке зиян келтіруді болдырмау мүддесінде жабайы жануарлардың жекелеген түрлерінің санын реттеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады. Бұл шаралар жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасының сақталуын қамтамасыз ететін және оларға зиян келтіруге жол бермейтін тәсілдермен жүзеге асырылуға тиіс. Жабайы жануарлардың санын реттеу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Жануарларды сақтау және өсімін молайту мақсатында Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдалануға лимиттер мен квоталар белгіленеді. Микроорганизмдердің жаңа штаммдарын, биологиялық белсенді заттарды жасау, генетикалық түрлендірілген организмдерді жасап шығару, басқа да биотехнология өнімдерін өндіру мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындылары болған кезде жүзеге асырылады. Мұндай қорытындылар болмаған кезде көрсетілген организмдер мен заттарды пайдалануға тыйым салынады.

Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен шаруашылық және өзге де қызметте пайдаланылатын басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану, жаңа препараттар жасау кезінде жеке және заңды тұлғалар аталған препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану ережелерін сақтауға және жануарлардың ауыруы мен қырылуын болдырмауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті. Жаңа препараттар жасаған кезде оларды қоршаған ортада қолданудың нормативтері әзірленуге тиіс. Жануарлардың қырылуын және олардың тіршілік ету ортасының нашарлауын болдырмау мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша пестицидтердің (улы химикаттардың) қолданылуы шектелетін немесе оған тыйым салынатын жекелеген аумақтарды айқындай алады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен пестицидтердің (улы химикаттардың) тізіміне енгізілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға рұқсат етіледі.

**Мемлекеттік табиғи қамалдар** өздерінің функционалды маңызына қарай бірнеше топқа бөлінеді:

**кешенді** – аса бағалы табиғи кешендерді қорғау және қалпына келтіруге арналған;

**биологиялық (ботаникалық, зоологиялық)** – сирек кездесетін және құрып бара жатқан, бағалы өсімдіктер мен жануарларды қорғауға және қалпына келтіруге арналған;

**палеонтологиялық** – өсімдіктер мен жануарлардың қазба қалдықтарын және қалпына келтіруге арналған;

**гидрологиялық (батпақтық, көлдік, өзендік)** – сулы-батпақты алқаптардың кешендерін және бағалы объектілерін қорғауға арналған;

**геоморфологиялық** – жер бедерінің сирек және қайталанбас табиғи нысандарын қорғауға арналған;

**геологиялық және минералогиялық** – сирек кездесетін геологиялық және минералдық түзілімдерді қорғауға арналған;

**топырақтық** – топырақтық қарапайым және сирек түрлерін қорғауға арналған.

### 13-тақырып. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау

Табиғатты қорғау мен оның байлығын тиімді пайдалану мәселесін шешуді қамтамасыз ететін әдіс – тәсілдер жүйесін жасауға әртүрлі құқықтық институттар белсенді түрде қатысады. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы қызметке көптеген субъектілер қатысады. Қоршаған ортаның жағдайымен байланысты мәселелер қазіргі таңдағы адамзат мәселелерінің ішінде бірінші орынға шықты.

Атмосфералық ауаны қорғау Қазақстан Республикасында бұрында қазіргі нарық экономикасы жағдайында да өзекті мәселелердің катарына жатады. Қазіргі кезде атмосфералық ауаның тазалығына зиян келтіретін кездері бұрынғыдан ұлғая түсті. Еліміздің мұнай өндіретін өңірлеріне күкірт газінің өртенуінен ауаға улы заттар көп шығарылады. Каспий теңізі мен оған жақын орналасқан жерлерде халықтың тұруына экологиялық жағдайдың нашарлауынан оларды басқа жаққа көшіру мәселесі туындаған. Республикасының өндіріс орындарында ауаға улы заттарды шығару процесі елі үзілген жоқ.

Сондықтан атмосфералық ауаны құқықтық қорғау — осы саладағы барлық экологиялық шаралардың, яғни атмосфералық ауаны қорғаудың құқықтық ережелерінің жиынтығы болып саналады.

Қазақстан Республикасы адам еңбегінің, тұрмысының, демалысы мен денсаулығының, өмірінің ең жақсы жағдайын қамтамасыз ету, материалдық өндіріс пен мәдениетті одан әрі жаңа тұрғыда дамыту үшін атмосфералық ауаның қолайлы жайының сақталуына, оны қалпына келтіріп, жақсартуға зор мән береді және осы орайда бірқатар құқықтық шараларды жүзеге асырады.

Ауаны қорғау міндеттеріне ауаны таза сақтау және оның жайын жақсарту экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған орта мен жай-күйі туралы дұрыс ақпарат жөніндегі азаматтар құқықтарын іске асыру жатады.

Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескеру мақсатында атмосфералық ауа қорғау бағдарламалары олардың талқылауына шығарылады.

Атмосфералық ауаны қорғау бағдарламаларын және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Адамның денсаулығы мен тектік қорына, қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиянның алдын алу мақсатында жаңа техникаға технологияға, материалдарға, заттарға және атмосфералық ауаға зиянды әсер етуі мүмкін басқа да өнімге арналған стандарттармен атмосфералық ауаны қорғау талаптары белгіленеді. Егер жаңа техникаларды, технологияларды, материалдарды заттарды және басқа да өнімді енгізу, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен басқа да техникалық құралдарды қолдану атмосфералық ауаны қорғаудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарына сай келмесе, оларға тиым салынады.

Қазақстан Республикасының аумағында отын өндіру мен пайдалануға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Жағылған кезде тиісті аумақта атмосфералық ауаның ластануына әкеп соғатын жекелеген отын түрлерін пайдалануға Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылыми және экономикалық жағынан негізделген шекті енгізуі, сондай-ақ отынның және басқа да энергия көздерінің экологиялық қауіпсіз түрлерін өндіру мен қолдануды ынталандыруы мүмкін.

Адамның өмірі, денсаулығы үшін және қоршаған орта үшін қауіптілік дәрежесі анықталмаған заттарды атмосфералық ауаға шығаруға тиым салынады. Атмосфералық ауаның жай-күйін өзгертуге бағытталған не оның жай-күйін уақытша нашарлатуға әкеп соғатын кез келген уақытша іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы немесе оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берген рұқсаттар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жобалау, орналастыру, салу, реконструкциялау мен пайдалану кезінде, сондай-ақ қалалық және өзге де қоныстарды салу кезінде атмосфералық ауа сапасы нормативтерінің экологиялық, санитариялық-гигиеналық, сондай-ақ құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес сақталу қамтамасыз етілуге тиіс.

Атмосфераға шығарылған зиянды заттардың бірдей шамасына есептелген зиян, әрине, қоршаған орта бойынша жалпы ластанған аймақты таза аймаққа қарағанда, едәуір жоғары болады. Зиянның шамасына қала құрылымының әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктері, яғни реципиенттер құрылымы маңызды әсер етеді. Өйткені, әртүрлі реципиенттік бірдей шамадағы ластаушылардан өзі әртүрлі зиян келтіреді. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, қазіргі кезде қоршаған ортаны ластамау керек деп білеміз. Атмосфералық ауаны қорғау Қазақстан Республикасында бұрында қазіргі нарық экономикасы жағдайында да өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Қазіргі кезде атмосфералық ауаның тазалығына зиян келтіретін кездері бұрынғыдан ұлғая түсті. Еліміздің мұнай өндіретін өңірлеріне күкірт газінің өртенуінен ауаға улы заттар көп шығарылады. Каспий теңізі мен оған жақын орналасқан жерлерде халықтың тұруына экологиялық жағдайдың нашарлауынан оларды басқа жаққа көшіру мәселесі туындаған.

Атмосфералық ауа - айналадағы табиғи ортаның өмірге маңызды негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Жер шарында, оның құрлық бөлігінде өсімдіктер мен жануарлар ауасыз тіршілік ете алмайды. Атмосфера ауасы бірнеше газ заттарының жиынтығынан тұрады. Ол ғарыш кеңістігі әлемімен, әлемдік мұхитпен, жермен, өсімдіктермен (орманды қоса) үздіксіз араласып жатқан тіршілік тынысы.

Ауа құрамындағы оттегінсіз тіршіліктің болмайтыны белгілі. Адам денесінің үштен екі бөлігі - оттегі. Оттегінсіз тыныс алу мүмкін емес. Оны өсімдіктер түзейді. Атмосферада оттегінің азаюы тіршілік үрдісін баяулатады.

Ормандарды орынсыз кесу, өртке ұшырату, жасыл алаңдардың азаюы, жерлердің құмға, өсімдіксіз тақыр далаға, тұздардың аспанға ұшуы, мұхиттардың, су қоймаларының бетіне мұнай және жанармай мен өндіріс қалдықтарының жайылуы ауаның тазалығына зиянын тигізбей қоймайды.

Ауаны қорғау міндеттеріне ауаны таза сақтау және оның жайын жақсарту экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған орта мен жай-күйі туралы дұрыс ақпарат жөніндегі азаматтар құқықтарын іске асыру жатады. Оның қоршаған орта, ластайтын заттардың мейлінше шектелген мөлшерде шығарылуы және тасталу нормативтері, шудың, тербелістің, магнит өрістері мен өзге де зиянды физикалық әсерлердің мейлінше шектелген деңгейінің нормативтері, радиациялық әсердің мейлінше шектелген деңгейінің нормативтері, өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсаттағы және мелиорация объектілерін пайдалану кезінде қойылатын талаптар және тәртіптердің атмосфералық ауаны қорғауға тікелей қатысы бар. Олар жөнінде алдыңғы тараулар да тиісінше ережелер көрсетілді. Басқару саласында атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі тапсырмалар мен атмосфера ластануының алдын алу және оның себептерін жою, сондай-ақ атмосфералық ауаның жайын жақсарту жөніндегі шаралар экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарларында көзделеді.

Атмосфералық ауаға зиянды заттар шығаратын, сондай-ақ атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ететін, көздері үшін мейлінше шектелген шығарындылардың нормативтерінен асып кететін кездері бар жеке және заңды тұлғалар мейлінше шектелген шығарындылар нормаларына қол жеткізу мақсатында оны қорғау жөнінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерімен келісілген іс-шараларды жүзеге асырады.

Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескеру мақсатында атмосфералық ауа қорғау бағдарламалары олардың талқылауына шығарылады.

Атмосфералық ауаны қорғау бағдарламаларын және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі. Химиялық, физикалық, биологиялық және радиациялық факторлардың адамдарға, жануарлар мен өсімдіктерге, жер қорғалатын табиғи аумақтар мен өзге де объектілерге әсер етуінің қауіпсіздігін және зиянсыздығының өлшемдерін анықтау мақсатында атмосфералық ауа сапасының экологиялық нормативтері мен оған физикалық әсер етудің мейлінше шектелген деңгейлері белгіленеді. Атмосфералық ауаға зиянды заттар шығарылуын мемлекеттік реттеу мақсатында шығындылардың үлестік нормативтері және мейлінше шектелген шығындылардың нормативтері белгіленеді. Шығындылардың үлестік нормативтерін атмосфералық ауаға зиянды заттар шығаратын тұрақты көздердің жекелеген түрлері үшін, сондай-ақ атмосфералық ауаны ластау көздері болып табылатын көлік құралдары немесе өзге де жылжымалы құралдар үшін атмосфералық ауаны қорғаудың технологиялық нормативтерін әзірлеу құзыретіне кіретін тиісті мемлекеттік органмен келісе отырып, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы белгілейді.

Атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етуді мемлекеттік реттеу мақсатында атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің мейлінше

шектелген нормативтері белгіленеді. Атмосфералық ауаға зиянды заттар шығарудың нормативтері және атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің мейлінше шектелген нормативтері, оларды анықтау әдістері және өздері үшін белгіленген көздердің түрлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әзірлемеді және бекітіледі. Зиянды заттар шығаруды азайтудың экономикалық ынталандыру жүйесі мен тетіктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Зиянды заттарды мемлекеттік тіркеу, мейлінше шектелген шығарындылар мөлшеріне берілген рұқсаттарды тіркеу және нақты жасалған шығарындыларды тіркеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережелерге сәйкес жүргізіледі. Тұрақты кездің атмосфералық ауаға зиянды заттар шығаруына Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган немесе оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берген лицензияның негізінде беріледі.

Атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етуге Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен келісе отырып, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы "Орталық атқарушы органы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берген лицензиялар негізінде жол беріледі. Атмосфералық ауаға зиянды заттардың шығарылуына немесе атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етуге лицензияландырылмаған жағдайда, сондай-ақ лицензияларда көзделген талаптарды бұзған жағдайда жеке және заңды тұлғалардың қызметіне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен тиым салынуы немесе ол тоқтатыла тұруы мүмкін.

Адамның денсаулығы мен тектік қорына, қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиянның алдын алу мақсатында жаңа техникаға технологияға, материалдарға, заттарға және атмосфералық ауаға зиянды әсер етуі мүмкін басқа да өнімге арналған стандарттармен атмосфералық ауаны қорғау талаптары белгіленеді. Егер жаңа техникаларды, технологияларды, материалдарды заттарды және басқа да өнімді енгізу, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен басқа да техникалық құралдарды қолдану атмосфералық ауаны қорғаудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарына сай келмесе, оларға тиым салынады.

Қазақстан Республикасының аумағында отын өндіру мен пайдалануға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жол беріледі. Жағылған кезде тиісті аумақта атмосфералық ауаның ластануына әкеп соғатын жекелеген отын түрлерін пайдалануға Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылыми және экономикалық жағынан негізделген шекті енгізуі, сондай-ақ отынның және басқа да энергия көздерінің экологиялық қауіпсіз түрлерін өндіру мен қолдануды ынталандыруы мүмкін.

Адамның өмірі, денсаулығы үшін және қоршаған орта үшін қауіптілік дәрежесі анықталмаған заттарды атмосфералық ауаға шығаруға тиым салынады. Атмосфералық ауаның жай-күйін өзгертуге бағытталған не оның жай-күйін уақытша нашарлатуға әкеп соғатын кез келген уақытша іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы немесе оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан



Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берген рұқсаттар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жобалау, орналастыру, салу, реконструкциялау мен пайдалану кезінде, сондай-ақ қалалық және өзге де қоныстарды салу кезінде атмосфералық ауа сапасы нормативтерінің экологиялық, санитариялық-гигиеналық, сондай-ақ құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес сақталу қамтамасыз етілуге тиіс.

Атмосфералық ауаның сапасына зиянды әсер ететін шаруашылық, және өзге де қызмет объектілерін жобалау мен орналастыру, сондай-ақ қалалық және өзге де қоныстарды салу, реконструкциялау кезінде атмосфералық ауа ластануының деңгейі және оның сапасының өзгеру болжамы ескерілуге тиіс. Елді мекендерде атмосфералық ауаны қорғау мақсат шаруашылық және өзге де қызмет объектілерінің санитария қорғаныш аймақтары белгіленеді. Мұндай санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады. Атмосфералық ауаның сапасына зиянды әсер етуі мүмкін шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жаңғырту және реконструкциялау жобаларында зиянды (ластаушы) заттардың атмосфералық ауаға шығарылуын шығарындының мейлінше шектелген нормативіне дейін азайту және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес залалсыздандыру жөніндегі іс-шаралар көзделуге тиіс.

Атмосфералық ауаның сапасына зиянды әсер ететін шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін орналастыру, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органымен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен келісіледі. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын жүзеге асыратын жаңа және реконструкцияланған шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін пайдалануға берген кезде шығарындылардың үлестік нормативтерін, мейлінше шектелген шығарындылардың нормативтерін және атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің мейлінше шектелген нормативтерін сақтау қамтамасыз етілуге тиіс. Шығарындыларында зиянды заттардың мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шығарындылардың үлестік нормативтерінен асып кететін көлік құралдары мен өзге де жылжымалы құралдарды шығаруға және пайдалануға тиым салынады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы, жергілікті атқарушы органдар көлік құралдары мен өзге де жылжымалы құралдарды пайдалану кезінде атмосфералық ауаға зиянды заттардың шығарылуын азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға міндетті. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерінің ұсынуы бойынша жергілікті өкілді органдар өз құзыреті шегінде көлік құралдары мен өзге де жылжымалы құралдардың елді мекендерге, демалыс және туризм орындарына кіруіне шектеу енгізіп, көлік құралдарының жүрісін реттей алады.

Жеке және заңды тұлғалар атмосфералық ауаны ластау көздер болып табылатын өндіріс және тұтыну қалдықтарының оларды жинап қоятын немесе көметін арнаулы орындарға, сондай-ақ мұндай қалдықтарын шикізат ретінде

пайдаланатын басқа да шаруашылық немесе өзге де қызмет объектілеріне уақтылы апарылуын қамтамасыз етуге міндетті. Атмосфералық ауаны ластайтын өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыратын жерді жергілікті атқарушы органдар бөледі және ол жергілікті өкілді органдармен, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының және азаматтардың денсаулығын сақтау саласына басшылық етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерімен келісілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдар қалалық және өзге де қоныстарда жердің бағытын ескеріп, қала құрылысында және қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезеңдерінде атмосфералық ауаға зиянды заттардың шығарылуын реттеп отырады. Әрекеттерді жүргізу тәртібін, оның ішінде тиісті болжамдарды әзірлеу мен беруді Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының және атмосфералық ауаны қорғау функциясын жүзеге асыратын басқа да орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

Атмосфералық ауаға зиянды заттарды шығару көздері бар заңды тұлғалар қолайсыз метеорологиялық жағдайлар болжамдарын алған кезде атмосфералық ауаға зиянды заттардың шығарылуын азайту жөнінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аталған іс-шаралардың жүргізілуі мен тиімділігін бақылауды қамтамасыз ететін аумақтық бөлімшелерімен келісілген іс-шараларды жүргізуге міндетті. Атмосфералық ауаға зиянды заттардың авариялық шығарылуы туғызған атмосфералық ауаның өзгеруі кезінде және ол адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайда Қазақстан Республикасының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы заңдарына сәйкес халықты қорғау жөнінде шұғыл шаралар қолданылады.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан зиянды заттардың шығарылу кездерінен атмосфералық ауа трансшекаралық ластаудың алдын алу және зардаптарын мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атмосфералық ауа зиянды заттардың шығарылуын азайту жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ атмосфералық ауаны қорғау саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес өзге де шараларды жүзеге асырады.

## Атмосфералық ауа қоршаған ортаның негізгі құрамы және құқықтық қорғау объектісі болып табылады



## **14-тақырып. Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріне мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің, мемлекеттік зоологиялық парктердің, мемлекеттік ботаникалық бақтардың, мемлекеттік дендрологиялық парктер мен мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің жері жатады.

Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың жер учаскелері жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алынбай, басқа санаттардағы жерлер құрамында бөлінеді және мемлекеттік жер кадастрын жүргізу кезінде ескеріледі.

Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың аумағы шегінде осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жүйелерінің және оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметті шектеу меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне ауыртпалық болып енгізіледі және бұл жерге орналастыру құжаттамасында ескеріледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері мемлекет меншігінде болады және жекешелендіруге жатпайды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін өзге қажеттерге алып қоюға жол берілмейді. Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріндегі ауыл шаруашылығы алқаптары аталған мақсаттар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шекарасындағы елді мекендерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілуі мүмкін.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік және рекреациялық, шектеулі шаруашылық мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін. Мәдени-ағартушылық іс-шаралар жүргізу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұражайлар, лекторийлер, экспозициялар, демонстрациялық учаскелер мен басқа да қажетті объектілер құрылуы мүмкін. Туризм үшін және рекреация жүргізу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік соқпақтармен, көрсетілім алаңдарымен, қосынды алаңқайлармен, көлік тұрақтарымен, кемпингтермен, шатырлы лагерьлермен, қонақүйлермен, мотельдермен, туристік базалармен, қоғамдық тамақтандыру, сауда және басқа да мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілермен жабдықталатын арнайы учаскелер бөліп шығарылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық қызмет оларды қорғау режимі ескеріле отырып шектеледі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды шектеулі шаруашылық мақсаттарында пайдалануға тапсырыс режимімен және шаруашылық қызметті реттеу режимімен арнайы бөлінген учаскелерде ғана жол берілуі мүмкін. Ерекше күзетуді және қолайсыз сыртқы әсерден қорғауды қамтамасыз ету үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың

айналасына, осы аймақтар шегінде осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жүйесіне және оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне қолайсыз әсер ететін кез келген қызметке тыйым салынатын және шектеу қойылатын күзет аймақтары белгіленеді.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттар мен мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің күзет аймағы аумағында табиғат пайдалану мөлшері, шекарасы, режим түрлері және тәртібі оларды құру жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелермен айқындалады. Бұл ретте меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерінің шекаралары бойынша немесе табиғи географиялық межелер бойынша белгіленетін және сол жерлерде арнаулы белгілерімен белгіленетін күзет аймағының ені екі километрден кем болмауға тиіс.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шегіндегі жер учаскелері осы аймақтарды қорғаудың белгіленген режимін сақтай отырып пайдаланылады және кодексте белгіленген талаптарға сәйкес мемлекет қажеттіктері үшін алып қойылуы мүмкін. Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызу және жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін резервте қалдыру Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Сауықтыру мақсатындағы жерге табиғи шипалы факторлары бар курорттар, сондай-ақ аурудың алдын алу мен емдеуді ұйымдастыру үшін қолайлы жер учаскелері жатады. Адам ауруының алдын алу мен емдеуді ұйымдастыру үшін қолайлы санитарлық және экологиялық жағдайларды сақтау мақсатында сауықтыру мақсатындағы аумақтар жерінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санитарлық-қорғау аймақтары белгіленеді.

Сауықтыру мақсатындағы жердің күзет, санитарлық-қорғау және өзге де қорғау аймақтарының шекарасы мен оны пайдалану режимін жергілікті өкілді және атқарушы органдар айқындайды. Белгіленген санитарлық режимге сәйкес осы жер учаскелерін шаруашылық айналымынан толығымен алып қою (санитарлық-қорғау аймағының бірінші белдеуі) көзделетін жағдайларды қоспағанда, санитарлық-қорғау аймақтары шегіндегі жер учаскелері жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қойылмайды.

Жер учаскелерін санитарлық-қорғау аймақтарының екінші және үшінші белдеулері шекарасында пайдалану осы аймақтарды күзетудің белгіленген режимі сақтала отырып жүзеге асырылады. Халықтың ұйымдасқан түрдегі жаппай демалысы мен туризміне арналған және сол үшін пайдаланылатын жер рекреациялық мақсаттағы жер деп танылады.

Рекреациялық мақсаттағы жер құрамына демалыс үйлері, пансионаттар, кемпингтер, дене шынықтыру және спорт объектілері, туристік базалар, стационарлық және шатырлы туристік-сауықтыру лагерьлері, балықшы және аңшы үйлері, орман парктері, туристік соқпақтар, трассалар, балалар және спорт лагерьлері, осы сияқты басқа да объектілер орналасқан жер учаскелері кіруі мүмкін. Рекреациялық мақсаттағы жерге қала маңындағы жасыл аймақ жерлері де жатады. Рекреациялық мақсаттағы жерді пайдалану тәртібі мен режимін жергілікті өкілді және атқарушы органдар белгілейді. Жер

учаскелерінің меншік иелерімен және жер пайдаланушылармен келісім бойынша белгіленген туристік соқпақтар мен трассаларды пайдалану сервитуттар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Рекреациялық мақсаттағы жерде олардың нысаналы мақсатына сәйкес келмейтін қызметке тыйым салынады. Тарихи-мәдени қорықтар, мемориалдық парктер, қорымдар, археологиялық парктер (қорғандар, қала орындары, тұрақтар), сәулет-ландшафт кешендері, жартастағы бейнелер, ғибадат құрылыстары, шайқас және ұрыс алаңдары болған жер учаскелері тарихи-мәдени мақсаттағы жер деп танылды. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тарихи-мәдени мақсаттағы жерге жатқызылған жер учаскелері оның меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қойылмайды. Жергілікті атқарушы органдар тарихи-мәдени мақсаттағы жердің жекелеген учаскелерінде, соның ішінде зерттеуге және сақтап қоюға жататын мәдени мұра объектілерінде кез келген шаруашылық қызметіне шектеу қоюы мүмкін.

Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тіршілік ету ортасы ретінде ерекше құнды болып табылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жай-күйін сақтау мен жақсарту мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша осы аумақтарға арналған Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы үшін белгіленгенге қарағанда неғұрлым қатаң экологиялық нормативтер әзірлеуі және енгізуі мүмкін.

Экологиялық жай-күйді жақсарту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға залалды болдырмау мақсатында елді мекендер, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен мелиорация, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, әскери және қорғаныс объектілерін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мақсатына және жұмыс істеуіне байланысты емес құрылыстар орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде осы аумақтарға арналған экологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қорық аймақтары аумағында: елді мекендер, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығы мен мелиорацияның, энергетиканың, көлік және байланыстың тұрақты объектілерін, әскери және қорғаныс объектілерін, санаторийлер, демалыс үйлерін, тамақтану пункттерін, қонақүйлер, мемлекеттік қорық аймағының мақсаттары мен жұмыс істеуіне байланысты емес өзге де объектілер мен ғимараттар орналастыруға және салуға; табиғи ландшафтың өзіне тән бейнесін өзгертуге, экологиялық жүйенің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін жұмыстар жүргізуге; өндіріс және тұтыну қалдықтарын, сондай-ақ радиоактивті материалдарды көмуге; жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша келісімшарттық аумақта, арнайы бөлінген алаңдарды қоспағанда, жанар-жағар май материалдары мен басқа да ластаушы заттарды төгуге тыйым салынады.

## Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері

Құру мақсатына және қорғау түрлеріне байланысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың келесі түрлерін бөлуге болады:



Құру мақсатына және қорғау түріне байланысты жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың келесі түрлерін бөлуге болады:

мемлекеттік өңірлік табиғи парктер

мемлекеттік зоологиялық парктер


мемлекеттік ботаникалық бақтар

мемлекеттік дендрологиялық парктер

мемлекеттік табиғат ескірткіштер

мемлекеттік табиғи қамалдар



**Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер**

**Қазақстан Республикасында маңызы бар 5 мемлекеттік ботаникалық бақтар бар:**


Алматы қаласының бас ботаникалық бағы;

Алматы облысындағы Іле бағы

Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласындағы  
Алтай бағы;

Қарағанды облысы, Жезқазған қаласындағы  
Жезқазған бағы;

Маңғыстау облысындағы Маңғыстау тәжірибелік  
ботаникалық бағы.



## 15-тақырып. Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау

Табиғатты халықаралық құқықтық қорғау - бүкіл әлем халқы, олар тұратын мемлекеттер үшін өте қажетті шаралардың бірі. Оның себебі ғылым мен техниканың дамуы пайдалы қазбалардың, суды, орманды, атмосфералық ауаны өнеркәсіпте, жол қатынастары, құрал-жабдықтармен қатар қару-жарақтар, атом қаруы мен энергетикасы, космос үшін пайдалану жылдан-жылға арта түсуде. Мұнай өнімдерін тасымалдаудан мұхиттар мен теңіздерге аққан мұнай жануарлар дүниесіне зиянын тигізуде. Ормандар орынсыз ағаш кесу мен ащы жаңбыр суына ұшырап, көлемі қысқаруда. Атмосфералық ауаға өндірістің улы заттары көптен шығарылады.

Еліміздің орнықты дамуын жан-жақты қамтамасыз етуде қоршаған орта ахуалын, оның сапалық көрсеткішін жан-жақты жақсарту үшін, оған қоса Президент пен Үкімет белгілеген айқын әрі нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуде түрлі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Әлемдік қауымдастық экологиялық мәселелерді бірлесе шешуге орасан зор күш-жігер жұмсауда, Қазақстан да бұл процеске белсене қосылды. Қазақстан Республикасының Конституциясында халықаралық құқықтың жалпы мойындалған қағидалары мен халықаралық келісім шарттардың Қазақстан Республикасының заңдары алдында басымдыққа ие екендігі айтылған.

Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың толық құқылы мүшесі болды. Бүгінде Қазақстан қоршаған ортаны қорғау саласында басқа мемлекеттермен белсенді ынтымақтастық орнатқан.

Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі бола отырып, Қазақстан жаһандық серіктестіктің негізінде мемлекеттік экологиялық саясатты тиімді жүргізудің кілті ретінде халықаралық ынтымақтастықты пайдалануы тиіс.

Экологиялық мәселені шешу үшін қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық ынтымақтастық принципін қолданудың зор маңызы бар. Шын мәнінде, экологиялық тұрғыда мемлекеттік шекараларды белгілеу жекелеген мемлекетті жалпы ғаламшарлық сипаты бар экологиялық мәселеден босата қоймайды. Бұл арада қоғамдағы идеологияның, әлеуметтік-экономикалық жүйедегі өзгешеліктің маңызы болмайды. Экологиялық мәселе барлығы үшін бірдей, сондықтан оны шешудің тиімділігі әлемдік қауымдастықтың барлық субъектілерінің бірлескен күш-жігері, осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл принципті жүзеге асырудың құқықтық тетігі халықаралық-құқықтық актілерді қабылдау арқылы қамтамасыз етеді, ал олардың негізінде экологиялық ұлттық құқықтық актілерін әзірлеу мен қабылдау жүргізіледі.

Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жолымен Қазақстан Республикасы көптеген нәтижеге қол жеткізе алады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі қоршаған ортаны қорғау төңірегіндегі ынтымақтасу өзара әрекет етудегі көп жақты келісім негізінде, оған 1992 жылы Москвада Беларусь, Әзірбайжан, Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Россия, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан өкілдері қол қойған. Келісімге қатысушылар экология және қоршаған ортаны қорғау төңірегінде келісілген саясатты тұрақты жүргізуде, оны жетілдіруде өздерінің территорияларында табиғатты қорғауға

бағытталған барлық қажеттілікті жүзеге асырады. Бұл міндет, көбінесе экологиялық заңнаманы үйлестіру жолымен шешіледі. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау аясында Қазақстанның халықаралық ынтымақтастығы және ондағы алатын орны тереңдей түсуде.

Демек, Қазақстан Республикасының табиғи ортаның қауапсіздігін қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру - Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін, оның ұлттық іргелі стратегиялық бөліктерінің бір саласы қатарында, сондай-ақ халықаралық интеграциялық процестер қатысушы елдердің мүдделері мен басымдылықтарын қорғауды қамтиды.

Қоршаған ортаны, табиғатты ластау нәтижесінде Қазақстанның біраз аймағында өмір сүру қиындап барады. Бұл – халық алдында, келешек ұрпақтар алдында үлкен қылмыс. Сондықтан, заң бұзушылық қоғам үшін қауіпті іс-әрекет деп саналады.

Экологиялық заңдарға сақтаудың маңызды шарты заңды тұлғалар жағынан да, азаматтар тарапынан да табиғатты қорғау және қоршаған ортаны рационалды түрде пайдалану туралы ережелерді бұзғаны үшін мемлекеттік шараларды анықтау болып табылады.

Қоршаған ортаның халықаралық-құқығына - қоршаған ортаны қорғау мәселесіне және адамдардың бүгінгі және келешек ұрпақтарының игілігі үшін табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға қатысты халықаралық құқықтың субъектілері арасындағы қатынастарды реттейтін қағидалар мен нормалардың жиынтығы деген анықтама берілген.

Қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғаудың негізгі, нысаналық облыстарын бөлуге болады: қоршаған ортаға зиянды әсер етуді шектеу; табиғи ресурстарды нысаналы (ұтымды) пайдалану режимінің экономикасын белгілеу; табиғи ескерткіштер мен резерваттарға халықаралық қорғауды белгілеу және жүзеге асыру; мемлекеттердің қоршаған орта мәселесіне қатысты ғылыми-техникалық құрылысын реттеу.

Қоршаған ортаның халықаралық-құқығына - қоршаған ортаны қорғау мәселесіне және адамдардың бүгінгі және келешек ұрпақтарының игілігі үшін табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға қатысты халықаралық құқықтың субъектілері арасындағы қатынастарды реттейтін қағидалар мен нормалардың жиынтығы деген анықтама берілген.

Халықаралық экологиялық құқықтың екі жақты мағынасы бар. Бір жағынан, ол - халықаралық ынтымақтастықтың барлық түрлерін реттейтін халықаралық жария құқықтың құрамдас бөлігі. Бұл құқықтық реттеудің қағидалары мен әдістерінің сипаттамасына әсер етеді. Екінші жағынан, ол ішкі экологиялық құқықтың жалғасы болып табылады және халықаралық құқықтық реттеудің мазмұнына өз таңбасын қалдырады. Дей тұрғанмен, ол бірінші немесе екінші құқықтық құрылымға қатысты салыстырмалы даралыққа ие.

Халықаралық экологиялық құқықтың құқықтық реттейтін жеке нысанасы бар - халықаралық экологиялық қарым-қатынастар, олар өзінің мазмұны бойынша халықаралық ынтымақтастық саласындағы басқа қарым-қатынастардан және ішкі экологиялық құқықтың дәл сондай қарым-қатынастарынан ерекшеленеді. Халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидалары мен нормаларымен қатар, аталмыш құқықтық құрылымның экологиялық қатынастарды реттеудің өзіндік

ерекше қағидалары бар. Сондай-ақ, халықаралық ұйымдардың конвенциялары, келісімшарттары, мәмілелері, резолюциялары сияқты құқықтық реттеудің жеке көздері бар.

Егер ішкі экологиялық құқық сәйкес мемлекеттің бір еркін білдірсе, онда халықаралық экологиялық құқық екі немесе бірнеше мемлекеттердің, болмаса халықаралық ұйымдардың келісілген еркін білдіреді. Дегенмен, бұл экологиялық-құқықтық еріктер түйіскен кезде, басымдық халықаралық нормаларда қалады.

Халықаралық экологиялық құқық, аталған құқық саласының нысанасын, оның қағидаларын құрайтын - қоғамдық экологиялық қатынастар саласындағы өз қызметінің негізгі бағыттарын айқындауды қажет етеді.

Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары дегеніміз - қоғамдық саясаттың нәтижесі ретінде туындайтын субъектілердің басқарушы жағдайлары, халықаралық экологиялық құқықтың заңды бекітілген бастаулары. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидасы дегеніміз - барлық субъектілерге міндетті сипаты бар, халықаралық экологиялық құқықтың нормасы.

Әрбір мемлекет, қоршаған ортаның ұлттық жүйесіне қатысты, өзіне қажетті саясат жүргізу құқығын жүзеге асыру кезінде заманауи халықаралық құқықтың жалпы мойындалған қағидалары мен нормаларын сақтауға міндетті. Ластануды бір мемлекеттің аумағынан тысқары, үлкен қашықтыққа көшіру мәселесінің шиеленісуімен, халықаралық құқықтың мемлекеттің егемендігін құрметтеу, мемлекеттердің егемендігінің теңдігі, аумаққа қолсұғылмаушылық және бүтіндігі, ынтымақтастық, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық-құқықтық жауапкершілік секілді халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидаларын ұстану маңызы арта түседі.

Халықаралық экологиялық құқықтың арнайы қағидалары алғаш рет 1972 жылы, Біріккен Ұлттар Ұйымы адамды қоршаған ортаның мәселелеріне қатысты Стокгольм конференциясының Декларациясында қалыптастырылды.

Бірінші қағидасы: мемлекет қоршаған ортаның мәселелеріне қатысты өзінің ұлттық саясатына сәйкес, өз табиғи ресурстарын пайдалануға құқылы. Оларға өз юрисдикциясы немесе бақылауы шегіндегі қызметтің, ұлттық юрисдикциясынан тысқары жатқан басқа мемлекеттердің немесе аудандардың қоршаған ортасына залал келтірмеу жауапкершілігі артылады.

Екінші қағидасы - ауаны, суды, жерді, флора мен фаунаны және әсіресе, табиғи экожүйелердің репрезентативтік үлгілерін қосқанда, Жердің табиғи ресурстары бүгінгі және келешек ұрпақтардың игілігі үшін сақталуы тиіс дегенге саяды.

Үшінші қағидасы: қалпына келмейтін ресурстар, олардың болашақта ағып кетуден қорғалуы қамтамасыз етілетіндей және халықаралық кеңістіктегі оларды игерудің пайдасын бүкіл адамзат баласы көретіндей етіп игерілуі керек.

Халықаралық экологиялық құқықтың қағидаларын белгілеуді Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясы қолдаған және 1988 жылғы 28 қазандағы резолюцияда жарияланған Бүкіләлемдік табиғат хартиясы жалғастырды. Ол хартияда бірқатар қағидалар көзделген:

- биологиялық ресурстар олардың табиғи қалпына келу қабілетінің шегінде ғана пайдаланылады;
- топырақтардың өнімділігі қорғауға қатысты шараларының немесе ұзақ мерзімді өнімділік және эрозия мен өзін-өзі бұзудың басқа да кез келген түрлерінің

алдын алуға байланысты, органикалық түзілімдердің процесінің арқасында сақталады немесе жақсартылады;

- көп қайтара пайдаланылатын ресурстар, оның ішінде су да бар, қайталанып қолданылады немесе рециклденеді;

- қайта қалпына келмейтін бір реттік пайдаланылатын ресурстар, олардың қорын, тұтыну үшін оларды қайта өңдеудің ұтымды мүмкіндіктерін және табиғи жүйелердің жұмысымен оларды қолданудың сәйкестігін ескере отырып, шекпен қолданылады;

- радиоактивті және улы қалдықтардың төгінділеріне жол бермеу мақсатында ерекше шаралар қабылдануы тиіс;

- табиғатқа түзетуге келмейтіндей ықтимал залал келтіре алатын қызметтен бас тарту керек;

- адамдардың қызметі салдарынан тоқыраған аудандар, олардың табиғи потенциалына және сол ауданда тұратын тұрғындардың игілік талаптарына сәйкес қалпына келтіруді талап етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы климаттың өзгерісі туралы Рамалық Конвенцияға Рио-де-Жанейрода 1992 жылы 3-14 маусым аралығында өткен конференция кезінде қол қойылған еді. Дәл сол жерде Стокгольм конференциясының Декларациясын қолдайтын, оның ережелерін дамытатын қоршаған ортаны қорғау және дамыту туралы Декларация қабылданды. Ол Декларацияның мақсаты: мемлекетаралық ынтымақтастықтың, қоғамның басты секторлары мен адамдар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа деңгейлерін құру, халықаралық келісімшарттар жасау жолдары арқылы барлық халықтардың мүдделеріне құрметпен қарауды және қоршаған ортаның жаһандық жүйесінің бүтіндігін қорғауды қамтамасыз ететін жаңа, әділ, жаһандық ынтымақтастық құру. Жердің - ортақ үйіміздің кешенді және өзара байланысты сипатын мойындату болып табылады.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығы:

- халықаралық міндеттемелерді адал орындау;
- мемлекеттердің өз табиғи ресурстарын игеруге деген егеменді құқығын құрметтеу;
- табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделердің ескерілуін қамтамасыз ету;
- орнықты дамуға қол жеткізу үшін қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық дамудың интеграциясы;
- басқа мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциясынан тысқары жатқан аудандардың қоршаған ортасына келтірілетін залалдың алдын алу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің жауапкершілігі;
- алдын ала сақтанушылық және алдын ала ескеру шараларын қабылдау;
- халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу;
- қоршаған ортаға ықтимал елеулі трансшекаралық әсері бар қызмет жөнінде алдын ала хабарлау және өзара консультациялар алысу;

- жаһандық, өңірлік, ұлттық және жергілікті деңгейлерде жұмсалатын күш-жігердің өзара бірін-бірі толықтыруы;
- қоршаған ортаны ластауға байланысты шығындар үшін ластаушының жауапкершілігі қағидаларыне негізделеді.

Халықаралық экологиялық-құқықтық қатынастары көздерінің материалдық мағынасы ретінде, әлемдік қауымдастық мүшелерінің қоршаған табиғи ортаны қорғауға және ұтымды пайдалануға бағытталған ерік-жігерін түсіну керек. Ал, халықаралық экологиялық-құқықтық қатынастары көздерінің формалдық мағынасы - халықаралық құқықтың барлық нормалары, келісімдері көрінетін тиісті құқықтық үлгілер, келісімшарттар, конвенциялар, халықаралық ұйымдардың резолюциялары және конференциялар болып табылады. Жекелеген жағдайларда қалыптасқан жағдайларға байланысты халықаралық құқық нормаларының көздері ретінде ішкі заңнаманың нормативті актілері пайдаланылады.

Қазақстан Үкіметі және өкілеттігі бар мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар халықаралық табиғат қорғаудың субъектілері бола алады. Олар өз құзыретінде келісімдерге, шарттарға, декларацияларға, Конвенцияларға және басқа да осы саладағы халықаралық құжаттарға қол қоя алады. Қазақстан Республикасы айналадағы табиғи ортаны қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдардың қызметіне, халықаралық конференцияларды әзірлеу мен өткізуге, халықаралық экологиялық бағдарламаларды талдап, жасау мен іске асыруға қатысады.

Қазақстан Республикасы айналадағы табиғи ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықта, оның субъектісі қатарында мынадай қағидаларды жүзеге асырады:

- халықаралық құқықтық жалпы танылған қағидаларын азаматтардың кінәратсыз және қолайлы ортаға деген ажыраған құқықтарын, мемлекеттердің өз қарауы шегінде орналасқан табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалануға егеменді құқығын тану;
- қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін жердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен табиғатты қорғауға жалпы адамзаттық қазыналардың басымдылығы;
- айналадағы табиғи ортаның жай-күйі мен өзгерістері, басқа мемлекеттермен айналадағы ортаға ықпал жасайтын авариялар мен апаттар туралы бүкпесіз хабар алмасу;
- айналадағы ортаны қорғау жөнінде өзіне алған халықаралық міндеттемелерді сөзсіз орындау, олардың бұзылғаны және басқа мемлекеттерге зиян келтіргені үшін жауаптылық;
- халықаралық қатынастарда күш қолданбау және дауларды бейбіт жолмен шешу қағидаларын ұстану.



## Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары

---

Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары алғаш рет 1972 жылы, БҰҰ адамды қоршаған ортаның проблемаларына қатысты Стокгольм конференциясының Декларациясында қалыптастырылды.

*Бірінші қағида:* мемлекет қоршаған ортаның проблемаларына қатысты өзінің ұлттық саясатына сәйкес, өз табиғи ресурстарын пайдалануға құқылы. Оларға өз юрисдикциясы немесе бақылауы шегіндегі қызметтің, ұлттық юрисдикциясынан тысқары жатқан басқа мемлекеттердің немесе аудандардың қоршаған ортасына залал келтірмеу жауапкершілігі артылады.

*Екінші қағида:* ауаны, суды, жерді, флора мен фаунаны және әсіресе, табиғи экожүйелердің репрезентативтік үлгілерін қосқанда, Жердің табиғи ресурстары бүгінгі және келешек ұрпақтарының игілігі үшін сақталуы тиіс игерілуі керек.

*Үшінші қағида:* қалпына келмейтін ресурстар, олардың болашақта ағып кетіден қорғалуы қамтамасыз етілетіндей және халықаралық кеңестіктегі оларды игерудің пайдасын бүкіл адамзат баласы көрінетіндей етіп игерілуі керек.

## Семинар сабақтарының тақырыптары

### **1-тақырып. Экологиялық құқықтың түсінігі және пәні**

1. Экологиялық қатынастардың субъектілері, объектілері және түрлері.
2. Экологиялық құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгертілуі және тоқтатылуы.
3. Экологиялық құқықтық институттар.

### **2-тақырып. Экологиялық құқықтың тарихы және қайнар көздері**

1. Табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы жалпы және арнайы заңдар.
2. Үкіметтің, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың экологиялық құқықтық актелері.
3. Экология және табиғат пайдалану жөніндегі халықаралық конвенциялар, мемлекетаралық келісімдер мен шарттар.

### **3-тақырып. Табиғат объектілеріне меншік құқығы**

1. Мемлекет табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектісі ретінде.
2. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.
3. Экологиялық құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.

### **4-тақырып. Табиғатты пайдалану құқығы**

1. Табиғат пайдаланушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері.
2. Табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.
3. Табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру негіздері және табиғат пайдалану құқығын қорғау.

### **5-тақырып. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдастырушылық құқықтық нысандары**

1. Шаруашылық және өзге қызметке қойылатын экологиялық талаптар.
2. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоспарлау, бағдарламалау және стандарттау мәселелері.
3. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі.

### **6-тақырып. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері**

1. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері.
2. Табиғатты пайдалану үшін салықтар.
3. Арнайы табиғат пайдалану үшін төлемдер.

### **7-тақырып. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік**

1. Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.
2. Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері.
3. Экологиялық дауларды шешу тәртібі.

### **8-тақырып. Жердің құқықтық режимі**

1. Мемлекеттік органдардың жер қатынастарын реттеу саласындағы құзыреттері.

2. Жер учаскесіне меншік құқығының және жер пайдалану құқығының туындау, өзгеру және тоқтату негіздері.
3. Меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген шығындарды өтеудің негіздері мен тәртібі.

#### **9-тақырып. Жер қойнауының құқықтық режимі**

1. Жер қойнауын құқықтық қорғау.
2. Жер қойнауын пайдаланудың пайда болуы және өзгеруі.
3. Жер қойнауына, жер қойнауы пайдаланушыларға келтірілген зиянды өтеу.

#### **10-тақырып. Судың құқықтық режимі**

1. Су қорына меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары.
2. Су дауларын шешу тәртібі және су заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық.
3. Су қорларын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.

#### **11-тақырып. Ормандардың құқықтық режимі**

1. Орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі талаптары.
2. Ормандарды сақтау мен қорғаудың негізгі мақсаттары.
3. Орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры және мемлекеттік орман мониторингі.

#### **12-тақырып. Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі**

1. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизмі.
2. Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау, кадастр және мемлекеттік есебі.
3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

#### **13-тақырып. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау**

1. Атмосфералық ауаның сапасын және оған зиянды физикалық әсер етуді экологиялық нормалау.
2. Атмосфералық ауаға зиянды әсер ету көздерінің мемлекеттік есебі.
3. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

#### **14-тақырып. Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастры.
2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылаудың міндеттері мен түрлері.
3. Мемлекеттік табиғи заказниктер мен қорықтарды қорғау режимінің ерекшеліктері.

#### **15-тақырып. Қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғау**

1. Табиғатты халықаралық құқықтық қорғаудың объектілері мен субъектілері.
2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісімдер, конвенциялар, шарттар.
3. Қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғауға Қазақстан Республикасының қатысу нысандары.

## Студенттің өзіндік жұмыстарының тақырыптары

1. Экология-құқық нормаларының қазіргі құқық жүйесінде алатын орны мен рөлі.
2. Экологиялық заңдарды жетілдірудің құқықтық сұрақтары.
3. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың әрі қарай даму жағдайы және перспективалары.
4. Қазақстан Республикасының экологиялық заңдарының дамуының негізгі этаптары.
5. Қазақстан Республикасының экологиялық заңдарының даму концепсиясы.
6. Экологиялық заңдарды кодификациялаудың теориялық мәселелері.
7. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының теориялық аспектітері.
8. Табиғат пайдалану құқығының сипаттамасы.
9. Табиғи ресурстарды құқықтық қорғау және пайдаланудың аумақтық мәселелері.
10. Табиғат пайдаланудың экономикалық механизмін құқықтық реттеу.
11. Қоршаған ортаны қорғауда азаматтардың қатысуын құқықтық қамтамасыз ету.
12. Қоғамдық экологиялық ұйымдардың іс-әрекетінде қоршаған ортаны құқықтық қорғау.
13. Қалаларда қоршаған ортаны құқықтық қорғау.
14. Экологиялық қауіпсіздікті жүзеге асырудың құқықтық негіздері.
15. Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі және жалпы сипаттамасы.
16. Қоршаған ортаны қорғауға байланысты арнайы өкілетті органдардың іс-әрекетін құқықтық реттеу.
17. Экология саласындағы басқарудың мемлекеттік-құқықтық механизмін жетілдіру мәселелері.
18. Экологиялық мониторингті құқықтық реттеу.
19. Мемлекеттік табиғи ресурстық кадастрларды ұйымдастыру мен жүргізудің құқықтық негіздері.
20. Экологиялық сараптаманы құқықтық реттеу.
21. Экологиялық бақылауды құқықтық реттеудің теориясы және тәжірибесі.
22. Экологиялық аудитті құқықтық реттеу.
23. Қоршаған ортаның сапасы және экологиялық талаптардың нормативтерінің құқықтық сипаттамасы.
24. Қоршаған ортаға әсер етуді бағалаудың құқықтық-ұйымдастыру мәселелері.
25. Қоршаған ортаны радиоактивті заттармен ластанудан құқықтық қорғау.
26. Төтенше экологиялық аймақтардың құқықтық режимі
27. Экологиялық құқық бұзушылық үшін заңды жауапкершілікті жүзеге асырудың құқықтық мәселелері.
28. Экологиялық зияның орнын толтыруын құқықтық реттеу.
29. Табиғи ресурстарға келтірілген зиянның орнын толтырудың құқықтық нысандары.
30. Табиғат қорғау инспекцияларын ұйымдастыру және іс-әрекеттерінің құқықтық сұрақтары.

31. Сот тәжірибесінде қоршаған ортаны қорғау және ұтымды табиғат пайдалану сұрақтары.
32. Қазақстан Республикасының табиғи-қорық қорын құқықтық қорғау.
33. Қазақстан Республикасында жер қойнауын құқықтық қорғау.
34. Жер қойнауын пайдаланудың құқықтық негіздері.
35. Минералды ресурстарды қорғаудың құқықтық-ұйымастыру шаралары.
36. Қазақстан Республикасында су ресурстарын құқықтық қорғау.
37. Су ресурстарын кешенді пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету.
38. Жер асты суларын құқықтық қорғау.
39. Қазақстан Республикасында ормандарды құқықтық қорғау.
40. Орман пайдалану және орман ресурстарын өндірудің құқықтық негіздері.
41. Өсімдіктер дүниесін қорғау және пайдалануды құқықтық реттеу.
42. Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін құқықтық қорғау.
43. Жануарлардың және өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерін құқықтық қорғау.
44. Аң аулауды және аң шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу.
45. Балық аулауды және балық қорын қорғауды құқықтық реттеу.
46. Балық ресурстарының өсімін молайтуды және балық шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу.
47. Атмосфералық ауаны құқықтық реттеу.
48. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды құқықтық реттеу.
49. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық бірлестікті құқықтық реттеу.
50. Қазақстан Республикасында экологиялық конвенцияларды жүзеге асырудың құқықтық мәселелері.

## Студенттің білімін тексеру үшін тест сұрақтары:

1. Экологиялық құқық – бұл...

- A) қоршаған ортаны тиімді пайдалану мен қорғауға байланысты қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасын анықтайтын, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы;
- B) қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы
- C) қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуы қамтамасыз етілетін жол берілетін эмиссиялар көрсеткіштері
- D) қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсер етуді жүйелі түрде байқау мен бағалау
- E) ережелердің және олардағы қоршаған орта жай-күйінің және оған әсер ету дәрежесінің сандық және сапалық көрсеткіштердің жүйесі

2. Экология құқығын алғаш рет ғылымға енгізген ғалым –

- A) Геккель
- B) Энгельс
- C) Гегель
- D) Маркс
- E) Гук

3. Экологиялық құқық терминін неміс ғалымы Геккель қай жылы ұсынды?

- A) 1866 жылы
- B) 1766 жылы
- C) 1854 жылы
- D) 1865 жылы
- E) 1861 жылы

4. Экологиялық құқықтың қайнар көздері неше топқа бөлінеді?

- A) 3
- B) 2
- C) 4
- D) 5
- E) 6

5. Төмендегі топтастырылған нормалар арасынан экологиялық құқықтың қайнар көздер тобын көрсетіңіз –

- A) кешенді, ресурстық, әлеуметтік-экологиялық
- B) материалды, процессуалдық
- C) жалпы, жеке
- D) арнайы, жалпы
- E) салалық, жалпы

6. Аталған нормативтік құқықтық актілердің қайсысы экологиялық құқықтың ресурстық қайнар көзі болып табылады?

- A) ҚР Су кодексі;
- B) ҚР Экологиялық кодексі
- C) ҚР «Экологиялық сараптама туралы» Заңы
- D) ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы
- E) ҚР «Жедел-ізвестіру қызметі» туралы

7. Аталған нормативтік құқықтық актілердің қайсысы экологиялық құқықтың кешенді қайнар көзі болып табылады?

- A) ҚР «Экологиялық сараптама туралы» Заңы;
- B) ҚР Орман кодексі
- C) ҚР Су кодексі
- D) ҚР Жер кодексі
- E) ҚР «Мұнай туралы» Заңы

8. Аталған нормативтік құқықтық актілердің қайсысы экологиялық құқықтың әлеуметтік-экологиялық қайнар көзі болып табылады?

- A) ҚР «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңы;
- B) ҚР Орман кодексі
- C) ҚР Су кодексі
- D) ҚР Жер кодексі
- E) ҚР «Мұнай туралы» Заңы

9. ҚР Экологиялық кодексі қашан қабылданды?

- A) 2007 жылы 9 қаңтар
- B) 2007 жылы 17 наурыз
- C) 2006 жылы 26 ақпан
- D) 2007 жылы 1 қараша
- E) 2007 жылы 21 қазан

10. Бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі –

- A) биологиялық әртүрлілік
- B) биологиялық ресурстар
- C) генетикалық түрлендірілген организмдер
- D) генетикалық түрлендірілген өнімдер
- E) инертті қалдықтар

11. Организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері –

- A) биологиялық әртүрлілік
- B) биологиялық ресурстар
- C) генетикалық түрлендірілген организмдер
- D) генетикалық түрлендірілген өнімдер
- E) инертті қалдықтар

12. Өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер –

- A) биологиялық әртүрлілік
- B) биологиялық ресурстар
- C) генетикалық түрлендірілген организмдер
- D) генетикалық түрлендірілген өнімдер
- E) инертті қалдықтар

13. Құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және жануарлардан алынатын өнімдер

- A) биологиялық әртүрлілік

- В) биологиялық ресурстар
- С) генетикалық түрлендірілген организмдер
- Д) генетикалық түрлендірілген өнімдер
- Е) инертті қалдықтар

14.Елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адам денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар –

- А) биологиялық әртүрлілік
- В) биологиялық ресурстар
- С) генетикалық түрлендірілген организмдер
- Д) генетикалық түрлендірілген өнімдер
- Е) инертті қалдықтар

15.Биологиялық әртүрлілік дегеніміз не?

- А)бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі;
- В) организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері
- С) өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер
- Д) құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және жануарлардан алынатын өнімдер
- Е) елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адам денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар

16.Биологиялық ресурстар дегеніміз не?

- А) бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі
- В) организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері;
- С) өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер
- Д) құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және жануарлардан алынатын өнімдер
- Е) елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адам денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар

17.Генетикалық түрлендірілген организмдер –

- А) бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі
- В) организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері
- С) өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер;



D) құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және жануарлардан алынатын өнімдер  
E) елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адам денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар

18. Генетикалық түрлендірілген өнімдер дегеніміз не?

A) бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі

B) организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері

C) өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер

D) құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және жануарлардан алынатын өнімдер;

E) елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адам денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар

19. Инертті қалдықтар дегеніміз не?

A) бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі

B) организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері

C) өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер

D) құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және жануарлардан алынатын өнімдер

E) елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адам денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар;

20. Төмендегі аталғандардан экологиялық құқық анықтамасын табыңыз:

A) қоршаған ортаны тиімді пайдалану мен қорғауға байланысты қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасын анықтайтын, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы;

B) қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы

C) қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуы қамтамасыз етілетін жол берілетін эмиссиялар көрсеткіштері

D) қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсер етуді жүйелі түрде байқау мен бағалау

E) ережелердің және олардағы қоршаған орта жай-күйінің және оған әсер ету дәрежесінің сандық және сапалық көрсеткіштердің жүйесі

21. Неміс ғалымы Геккель экологиялық құқық терминін ғылымға қай жылы ұсынды?

A) 1866 жылы

B) 1766 жылы

С) 1854 жылы

Д) 1865 жылы

Е) 1861 жылы

22. Қайсысы экологиялық құқықтың қайнар көздер топтамасына жатады?

А) кешенді, ресурстық, әлеуметтік-экологиялық

В) материалды, процессуалдық

С) жалпы, жеке

Д) арнайы, жалпы

Е) салалық, жалпы

23. Нормативтік құқықтық актілердің қайсысы экологиялық құқықтың ресурстық қайнар көзі болып табылады?

А) ҚР Су кодексі;

В) ҚР Экологиялық кодексі

С) ҚР «Экологиялық сараптама туралы» Заңы

Д) ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы

Е) ҚР «Жедел-ізвестіру қызметі» туралы

24. Нормативтік құқықтық актілердің қайсысы экологиялық құқықтың кешенді қайнар көзі болып табылады?

А) ҚР «Экологиялық сараптама туралы» Заңы;

В) ҚР Орман кодексі

С) ҚР Су кодексі

Д) ҚР Жер кодексі

Е) ҚР «Мұнай туралы» Заңы

25. Экологиялық құқықтың әлеуметтік-экологиялық қайнар көзі –

А) ҚР «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңы;

В) ҚР Орман кодексі

С) ҚР Су кодексі

Д) ҚР Жер кодексі

Е) ҚР «Мұнай туралы» Заңы

26. Пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің деңгейін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері қамтамасыз етілетіндей деңгейге дейін азайтуға бағытталған, ұйымдастыру және басқару шараларын қамтамасыз ететін техника және жабдық –

А) ең озық қолжетімді технологиялар;

В) микроскоптар

С) лупалар

Д) шыны таяқшалар

Е) электрленген таяқшалар

27. Атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы –

А) қоршаған орта

В) табиғи ресурстар

С) атмосфералық ауа

D) қалдықтар

E) су объектілері

28.Адамдардың шаруашылық қызметі нәтижесінде немесе ластанған аумақта пайда болатын, табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті жер рельефіне ағызылатын сулар –

A) сарқынды сулар

B) су объектілері

C) сұйық қалдықтар

D) табиғи объектілер

E) табиғи ресурстар

29.Құрлық бетінің рельефінде және жер қойнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар –

A) сарқынды сулар

B) су объектілері

C) сұйық қалдықтар

D) табиғи объектілер

E) табиғи ресурстар

30.Сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез-келген сулар –

A) сарқынды сулар

B) су объектілері

C) сұйық қалдықтар

D) табиғи объектілер

E) табиғи ресурстар

31. Шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер –

A) сарқынды сулар

B) су объектілері

C) сұйық қалдықтар

D) табиғи объектілер

E) табиғи ресурстар

32. Тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі –

A) сарқынды сулар

B) су объектілері

C) сұйық қалдықтар

D) табиғи объектілер

E) табиғи ресурстар

33.Сарқынды сулар –

A)адамдардың шаруашылық қызметі нәтижесінде немесе ластанған аумақта пайда болатын, табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті жер рельефіне ағызылатын сулар;

B) құрлық бетінің рельефінде және жер қойнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар

C) сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез-келген сулар

D) шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер

E) тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі

34. Су объектілері –

А) адамдардың шаруашылық қызметі нәтижесінде немесе ластанған аумақта пайда болатын, табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті жер рельефіне ағызылатын сулар

В) құрлық бетінің рельефінде және жер қойнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар;

С) сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез-келген сулар

Д) шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер

Е) тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі

35. Сұйық қалдықтар –

А) адамдардың шаруашылық қызметі нәтижесінде немесе ластанған аумақта пайда болатын, табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті жер рельефіне ағызылатын сулар

В) құрлық бетінің рельефінде және жер қойнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар

С) сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез-келген сулар;

Д) шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер

Е) тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі

36. Табиғи объектілер –

А) адамдардың шаруашылық қызметі нәтижесінде немесе ластанған аумақта пайда болатын, табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті жер рельефіне ағызылатын сулар

В) құрлық бетінің рельефінде және жер қойнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар

С) сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез-келген сулар

Д) шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер;

Е) тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі

37. Табиғи ресурстар –

А) адамдардың шаруашылық қызметі нәтижесінде немесе ластанған аумақта пайда болатын, табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті жер рельефіне ағызылатын сулар

В) құрлық бетінің рельефінде және жер қойнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар

С) сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез-келген сулар

Д) шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер

Е) тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі;

38. Биологиялық әртүрлілік төмендегі анықтамалардың қайсысына тән?

А) бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі;

В) организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері

- С) өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер
- Д) құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және жануарлардан алынатын өнімдер
- Е) елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адам денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар

39. Биологиялық ресурстар төмендегі анықтамалардың қайсысына тән?

- А) бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі
- В) организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері
- С) өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер
- Д) құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және жануарлардан алынатын өнімдер
- Е) елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адам денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар

40. Генетикалық түрлендірілген организмдер төмендегі анықтамалардың қайсысына тән?

- А) бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі
- В) организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез-келген басқа да биотикалық компоненттері
- С) өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, құрамында гендік-инженерлік материал бар организмдер
